

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

«Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту» кафедрасы

Өмірбек Тұрсынқұл Серікбекқызы

Микротолқынды сәулелендірумен кейінгі ультрадыбыстық шаймалауды қолдану арқылы
құрамында мырыш бар шикізатты өңдеу үдерістерін зерттеу

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

7M07204 - Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту

Алматы 2026

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

«Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту» кафедрасы

Өмірбек Тұрсынқұл Серікбекқызы

Микротолқынды сәулелендірумен кейінгі ультрадыбыстық шаймалауды қолдану арқылы
құрамында мырыш бар шикізатты өңдеу үдерістерін зерттеу

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

7M07204 - Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

"Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті" коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

ӘОЖ 669.1; 669.018.03; 539.2

Қолжазба құқығында

Өмірбек Тұрсынқұл Серікбекқызы

Магистр академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

Диссертация атауы Микротолқынды сәулелендірумен кейінгі ультғадыбыстық
шаймалауды қолдану арқылы құрамында мырыш бар шикізатты
өңдеу үдерістерін зерттеу

Дайындау бағыты 7М07204 - Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту

Ғылыми жетекші

техн. ғыл. канд., қауым. профессор

М.М. Молдабаева Г.Ж.
« 14 » 01 2026 ж.

Рецензент

PhD д-ры, «Қазақстан-Британ техникалық
университеті» АҚ «Материалтану және
жасыл технологиялар» мектебінің
«Перспективті материалдар және
технологиялар» зертханасының басшысы

М.М. Шәріпов Р.Х.
« 14 » 01 2026 ж.

Норма бақылаушы,
PhD д-ры

М.М. Джуманкулова С.Қ.
« 14 » 01 2026 ж.

ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ
НАО «КазНТУ им.К.И.Сатпаева»
Горно-металлургический институт
им. О.А. Байқоңырова

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

МжПҚБ кафедрасының
меңгерушісі, т.ғ.к., қауымдастырылған
профессор

М.М. Барменшинова М.Б.
« 16 » 01 2026 ж.

Алматы 2026

Магистрлік диссертация дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
Кіріспе	наурыз – маусым 2024 ж.	
Мырышқұрамды клинкерді қайта өңдеу мәселесінің қазіргі жай-күйін талдау	шілде – желтоқсан 2024 ж.	
Тәжірибелік бөлім: тәжірибе әдісі, бастапқы деректер	қаңтар – наурыз 2025 ж.	
Нәтижелер және оларды талқылау	сәуір – қыркүйек 2025 ж.	
Қорытындылар мен ұсыныстар	қазан – қараша 2025 ж.	
Диссертацияны қорғауға дайындау және рәсімдеу	желтоқсан 2025 ж. – қаңтар 2026 ж.	

Аяқталған магистрлік диссертация үшін, оған қатысты бөлімдердегі диссертациялар кеңесшілері мен норма бақылаушысының қойған
қолдары

Бөлімдердің атаулары	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Негізгі бөлім	Молдабаева Г.Ж. техн. ғыл. канд., қауым. профессор	14.01.2026 ж.	ГМ -
Норма бақылаушы	Джуманкулова С.Қ. PhD д-ры	14.01.2026 ж.	КМ -

Ғылыми жетекші ГМ - Молдабаева Г.Ж.

Білім алушы тапсырманы орындауға алды ФМ Өмірбек Т. С.

Күні

«04» наурыз 2024 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

«Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту» кафедрасы

7M07204 - Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту

БЕКІТЕМІН

МжПҚБ кафедрасының меңгерушісі,

т.ғ.к., қауыпдастырылған профессор

Бармешина М.Б.

« 04 » 03 2024 ж.

Магистрлік диссертацияны орындауға арналған

ТАПСЫРМА

Магистрант Өмірбек Тұрсынқұл Серікбекқызы

Тақырыбы Микротолқынды сәулелендірумен кейінгі ультрадыбыстық шаймағуды қолдану арқылы құрамында мырыш бар шикізатты өңдеу үдерістерін зерттеу

Университет Ректорының 2024 жылғы «24» қараша № 1980м бұйрығымен бекітілген

Аяқталған диссертацияны тапсыру мерзімі «12» қаңтар 2026 ж.

Магистрлік диссертацияның бастапқы деректері: мырыш өндірісінің пирометаллургиялық процесінде түзілетін мырышқұрамды клинкердің химиялық, минералогиялық және физика-химиялық қасиеттері

Магистрлік диссертацияда әзірлеуге жататын мәселелер тізімі:

а) құрамында мырыш бар клинкерді өңдеу мәселесін талдау;

б) тәжірибелік бөлім;

в) зерттеу жұмыстарын жүргізуге кететін шығындарды есептеу;

г) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау;

д) А қосымшасы. Зерттеу тақырыбы бойынша мақаланың көшірмесі

Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбаларды дәл көрсете отырып): диссертацияның презентациялық материалы 12 слайдтан тұрады.

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:

1 Investigation of Phase Transformations in Technogenic Raw Materials Under Microwave Treatment for Enhanced Zinc Leaching. Processes 2025, 13, 1099.

2 Eskizeybek V., et al. Ultrasonic-assisted leaching of metals from industrial wastes // *Ultrasonics Sonochemistry*. – 2023. – Vol. 95. – 106386.

АНДАТПА

Диссертацияға кіріспе, әдебиетке шолу, эксперименттік, экономикалық бөлімдер, қауіпсіздік бөлімі, қорытынды және әдебиеттер тізімі кіреді. Жұмыс 76 бетте көрсетілген, 7 сурет пен 8 кестеден тұрады.

Диссертациялық жұмыс микротолқынды сәулелендірумен кейінгі және кейіннен ультрадыбыстық шаймалауды қолдана отырып, құрамында мырыш бар техногендік шикізатты өңдеу процестерін зерттеуге арналған. Жұмыста микротолқынды сәулеленудің құрамында мырыш бар клинкердің фазалық құрамы мен құрылымына әсері, сондай-ақ оның қышқылмен шаймалау кезінде материалдың реактивтілігіне әсері зерттелген. Ультрадыбыс әсерінің мырышты шаймалау кинетикасына және масса алмасу процестеріне әсері эксперименталды түрде зерттелді.

Экономикалық бөлімде зерттеу жүргізу шығындары есептелген, еңбекті қорғау бөлімінде зияндар мен қауіптер және зертханада қауіпсіз жұмыс істеудің негізгі әдістері сипатталған.

АННОТАЦИЯ

Диссертация включает введение, обзор литературы, экспериментальную, экономическую части, раздел по безопасности, заключение и список литературы. Работа изложена на 76 страницах, содержит 7 рисунков и 8 таблиц.

Диссертационная работа посвящена исследованию процессов переработки цинксодержащего техногенного сырья с применением предварительной микроволновой обработки и последующего ультразвукового выщелачивания. В работе изучено влияние микроволновая излучения на фазовый состав и структуру цинксодержащего клинкера, а также его воздействие на реакционную способность материала при кислотном выщелачивании. Экспериментально исследовано влияние ультразвукового воздействия на кинетику выщелачивания цинка и процессы массопереноса в пульпе.

В экономической части рассчитаны затраты на проведение исследований, в разделе по охране труда описаны вредности и опасности, и основные приемы безопасной работы в лаборатории.

ANNOTATION

The thesis includes introduction, literature review, experimental, economic parts, safety section, conclusion and reference list. The work is outlined on 76 pages, contains 7 figures and 8 tables.

The dissertation is devoted to the study of processing methods for zinc-containing technogenic raw materials using preliminary microwave treatment followed by ultrasonic leaching. The effect of microwave radiation on the phase composition and structure of zinc-containing clinker, as well as its influence on the reactivity of the material during acid leaching, was investigated. The influence of ultrasonic treatment on the kinetics of zinc leaching and mass transfer processes in the pulp was experimentally studied.

The economic part calculates the costs of research, the section on labour protection describes the hazards and dangers, and the basic techniques of safe work in the laboratory.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7	
1	Металлургиялық мырыш қалдықтары және оларды қайта өңдеу мәселелері	10
1.1	Мырышқұрамды клинкерді қайта өңдеудің өзектілігі және процестерді интенсификациялау бағыттары	11
1.2	Мырышқұрамды клинкерді қайта өңдеу мәселесінің қазіргі жай-күйін талдау	14
1.3	Мырыш клинкерін қайта өңдеудің дәстүрлі технологиялары	17
1.4	Металлургиялық процестерді қарқындату әдістері	20
2	Тәжірибелік бөлім	23
2.1	Зерттеу бағытын таңдау	23
2.2	Ғылыми зерттеулер жүргізу әдістері	24
2.3	Металлургиялық қайта өңдеу объектісі ретіндегі мырышқұрамды клинкерлер	27
2.4	Микротолқынды өңдеу кезінде клинкер құрылымының өзгеру механизмдері	31
2.5	Ультрадыбыстың шаймалау процесіне әсері	32
2.5.1	Массалмасу процестерін қарқындату	36
2.5.2	Пассивтендіруші қабаттардың бұзылуы	38
2.5.3	Лимиттеуші сатылардың өзгеруі	40
2.6	Комбинацияланған микротолқынды өңдеу және ультрадыбыстық шаймалаудың теориялық негіздемесі	41
3	Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау	44
3.1	Бастапқы клинкердің минералогиялық-фазалық ерекшеліктері	44
3.2	Клинкердің фазалық түрленулеріне микротолқынды өңдеудің әсері	44
3.4	Алынған нәтижелерді талқылау	45
3.3	Ультрадыбыстық әсер кезіндегі шаймалаудың интенсификациясы	45
4	Зерттеулерді жүргізуге кеткен шығындарды есептеу	47
5	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	52
5.1	Зертханадағы жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету	52
5.2	Қауіпті және зиянды өндірістік факторларды талдау	52
5.3	Зертханада жұмыс істеу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету	53
Қорытынды		55
Қолданылған қысқартулар мен терминдер тізімі		56
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі		57
А қосымшасы. Жарияланған ғылыми еңбектердің көшірмелері		61

КІРІСПЕ

Қазіргі заманғы түсті металлургия өнеркәсібі табиғи шикізат қорларының біртіндеп сарқылуы және техногендік қалдықтардың жинақталу көлемінің артуы жағдайында құрамында бағалы компоненттер бар өнеркәсіптік қалдықтарды кешенді әрі тиімді пайдалану мәселесіне тап болып отыр. Осындай қалдықтардың ішінде мырыш концентраттарын пирометаллургиялық өңдеу барысында түзілетін мырышқұрамды клинкерлер ерекше ғылыми және практикалық қызығушылық тудырады. Бұл материалдардың құрамында мырышпен қатар темір, қорғасын, мыс және басқа да ілеспе компоненттер болады, оларды тиісті технологиялық тәсілдер қолдану арқылы екіншілік шикізат көзі ретінде пайдалануға мүмкіндік бар.

Алайда өндірістік жағдайда мырышқұрамды клинкерлердің едәуір бөлігі қайта өңдеусіз үйінділерде жинақталып, қоршаған ортаға елеулі экологиялық жүктеме түсіреді және бағалы металдардың жоғалуына әкеледі. Мұндай қалдықтарды қайта өңдеудің негізгі қиындығы клинкер құрамында мырыштың қиын еритін ферриттік және силикаттық фазалар түрінде болуы, бұл дәстүрлі гидрометаллургиялық әдістер арқылы металды тиімді бөліп алуды шектейді.

Қолданыстағы пирометаллургиялық және гидрометаллургиялық технологиялар, әдетте, жоғары энергия шығындарымен, ұзақ технологиялық циклмен және мырыштың жеткіліксіз алыну дәрежесімен сипатталады. Осыған байланысты мырышқұрамды клинкерлерді қайта өңдеудің энергия үнемдейтін, процесті интенсификациялауға мүмкіндік беретін және экологиялық тұрғыдан қауіпсіз жаңа технологиялық шешімдерін әзірлеу *өзекті ғылыми-техникалық міндет* болып табылады.

Соңғы жылдары қатты техногендік материалдарды қайта өңдеу процестерін жетілдіруде микротолқынды сәулелену мен ультрадыбыстық әсерді қолдану айтарлықтай қызығушылық тудырып отыр. Микротолқынды өңдеу материалдың ішкі құрылымында селективті қыздыру мен фазалық түрленулерді қамтамасыз ете отырып, қиын еритін қосылыстардың реакциялық қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Ал ультрадыбыстық әсер шаймалау процестерін интенсификациялап, массалмасу жылдамдығын арттыру арқылы металдардың ерітіндіге өту дәрежесін жоғарылатады. Алайда аталған әдістерді мырышқұрамды клинкерлерді қайта өңдеуге қолдану терең физика-химиялық негіздеуді, соның ішінде фазалық түрленулер мен шаймалау кинетикасын кешенді зерттеуді талап етеді.

Осы айтылғандар *диссертациялық жұмыстың өзектілігін* айқындайды және микротолқынды және ультрадыбыстық әсерді үйлестіре отырып, мырышқұрамды клинкерлерді қайта өңдеудің тиімді технологиясын әзірлеу қажеттілігін негіздейді.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты – мырышқұрамды клинкерді қайта өңдеудің микротолқынды алдын ала өңдеу мен кейінгі ультрадыбыстық шаймалауды қамтитын технологиясын әзірлеу және ғылыми негіздеу, бұл

ретте мырыштың алыну дәрежесін арттыруды, процесс ұзақтығы мен энергия шығындарын азайтуды, сондай-ақ экологиялық жүктемені төмендетуді қамтамасыз ету.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін диссертациялық жұмыста келесі міндеттер шешілді:

- мырышқұрамды клинкерлерді қайта өңдеудің қолданыстағы пирометаллургиялық және гидрометаллургиялық технологияларының қазіргі жай-күйі мен даму үрдістеріне талдау жүргізілді;

- зерттеу нысаны болып табылатын мырышқұрамды клинкердің химиялық, фазалық және минералогиялық құрамы анықталды;

- микротолқынды сәулеленудің клинкер құрылымына, фазалық түрленулеріне және мырыш қосылыстарының реакциялық қабілетіне әсері зерттелді;

- микротолқынды өңдеу мен ультрадыбыстық кавитацияның мырышқұрамды клинкердің шаймалау кезіндегі еру жылдамдығына әсері бағаланды;

- микротолқынды өңдеу режимдері мен ультрадыбыстық шаймалау параметрлерінің мырыштың алыну дәрежесіне әсері тәжірибелік түрде зерттелді;

- мырышқұрамды клинкерді қайта өңдеудің оңтайлы технологиялық параметрлері негізделді;

- ұсынылған технологиялық шешімдердің тұрақтылығы мен қайта өндірілуі тәжірибелік түрде тексерілді.

Зерттеу нысаны – отандық мырыш өндірісінде түзілетін мырышқұрамды клинкер, сондай-ақ микротолқынды және ультрадыбыстық әсер жағдайында мырыш қосылыстарының фазалық түрленуі мен шаймалау процестері.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы төмендегілерден тұрады:

- микротолқынды сәулеленудің мырышқұрамды клинкердің фазалық және микроструктуралық құрамына әсер ету заңдылықтары анықталды;

- микротолқынды өңдеу нәтижесінде мырыш ферриттерінің деструкциясы мен мырыш ототығының түзілу механизмдері тәжірибелік түрде негізделді;

- ультрадыбыстық әсердің мырышты шаймалау процесінің қарқындылығына әсері тәжірибелік түрде зерттелді;

- микротолқынды өңдеу мен ультрадыбыстық шаймалауды үйлестіріп қолданудың мырыштың алыну дәрежесін арттырудағы тиімділігі алғаш рет кешенді түрде дәлелденді;

- мырышқұрамды клинкерлерді қайта өңдеуге арналған жетілдірілген технологиялық тәсіл ұсынылды.

Жұмыста қолданылған негізгі әдістемелік қағида теориялық талдауды, физика-химиялық зерттеу әдістерін және зертханалық жағдайда жүргізілген тәжірибелік модельдеуді үйлестіретін кешенді тәсілге негізделген.

Әдістемелік қағида материалдың бастапқы құрамын зерттеуден бастап, микротолқынды өңдеу арқылы құрылымдық түрлендіруді, шаймалау кинетикасын талдауды және технологиялық параметрлерді тәжірибелік оңтайландыруды кезең-кезеңімен жүзеге асыруды қамтиды.

Диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы алынған нәтижелерді мырышқұрамды клинкерлерді және басқа да түсті металлургияның техногендік қалдықтарын қайта өңдеу технологияларын әзірлеу мен жетілдіру барысында қолдану мүмкіндігімен айқындалады. Ұсынылған микротолқынды-ультрадыбыстық өңдеу режимдері мырышты бөліп алу дәрежесін арттыруға, процестің ұзақтығы мен энергия шығындарын қысқартуға, сондай-ақ қалдықтарды қайта өңдеу кезіндегі экологиялық жүктемені төмендетуге мүмкіндік береді.

1 Металлургиялық мырыш қалдықтары және оларды қайта өңдеу мәселелері

Қазіргі заманғы түсті металлургияның даму жағдайында металлургиялық қалдықтардағы мырыштың қалдық мөлшері мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр. Мырыштың елеулі шығындары оны өндіру, байыту және металлургиялық қайта өңдеудің әртүрлі сатыларында байқалады, соның нәтижесінде құрамында осы металдың айтарлықтай мөлшері бар техногендік өнімдер мен қалдықтар түзіледі [1]. Мұндай қалдықтарға шлактар, шандар, шламдар, клинкерлер және басқа да промөнімдер жатады, оларды тиімді қайта өңдеу технологиялары болмаған жағдайда үйінділерде жинақталып, бір жағынан екінші реттік шикізат базасын, ал екінші жағынан экологиялық қауіпті көзді қалыптастырады.

Металлургиялық қалдықтардағы мырыштың қалдық мөлшері бастапқы шикізаттың минералогиялық құрамының ерекшеліктерімен де, қолданылатын технологиялық процестердің шектеулерімен де байланысты. Мырыш концентраттарын пирометаллургиялық сұлбалар бойынша қайта өңдеу кезінде мырыштың бір бөлігі міндетті түрде сульфидтер, ферриттер және мырыш силикаттары сияқты қиын еритін қосылыстар түрінде қатты қалдықтарға өтеді. Бұл қосылыстар жоғары термодинамикалық тұрақтылығымен және төмен реакциялық қабілетімен сипатталады, бұл оларды дәстүрлі әдістермен кейінгі бөліп алуды едәуір қиындатады [2].

Мырышқұрамды қалдықтардың ішінде клинкер — мырыш концентраттарын пирометаллургиялық өңдеу барысында тотықсыздандыру және күйдіру процестерінде түзілетін өнім — ерекше орын алады. Мырышқұрамды клинкер оксидті, сульфидті, силикатты және ферритті фазаларды, сондай-ақ бос жыныстардың және темір, кальций, кремний, қорғасын, кадмий сияқты ілеспе элементтердің елеулі мөлшерін қамтитын күрделі көпкомпонентті жүйе болып табылады [3]. Клинкердегі мырыш мөлшері кең ауқымда өзгеруі мүмкін және кей жағдайларда 5–15 %-ға дейін жетеді, бұл бағалы металдың айтарлықтай шығынға ұшырайтынын көрсетеді.

Мырышқұрамды клинкерді қайта өңдеудегі негізгі мәселе — оны қайталама өңдеудің дәстүрлі пирометаллургиялық әдістерінің төмен тиімділігі. Клинкердің жоғары балқу температурасы, фазалық құрамының күрделілігі және қиын балқитын қосылыстардың болуы пирометаллургиялық өңдеуді энергия сыйымдылығы жоғары әрі экономикалық тұрғыдан тиімсіз етеді, әсіресе мырыш мөлшері салыстырмалы түрде төмен болған жағдайда [1, 3]. Сонымен қатар мұндай процестер шаң мен газ тәрізді өнімдердің елеулі шығарындыларымен қатар жүріп, экологиялық жүктемені күшейтеді.

Клинкерлерді қайта өңдеудің гидрometаллургиялық әдістері неғұрлым перспективалы деп қарастырылғанымен, олар да бірқатар маңызды шектеулерге тап болады. Қышқылды шаймалау кезінде мырыштың едәуір бөлігі қатты фазада қалып қояды, бұл қиын еритін қосылыстардың болуымен және бөлшектер бетінде пассивтендіруші қабаттардың түзілуімен түсіндіріледі. Мұндай қабаттар,

әдетте, кальций мен темір сульфаттарынан, сондай-ақ екіншілік оксидті фазалардан тұрады және реагенттің мырышқұрамды минералдармен әрі қарай жанасуына кедергі келтіреді [4].

Осылайша, клинкердегі мырыштың қалдық мөлшері минералогиялық, термодинамикалық және кинетикалық факторлардың жиынтық әсерінің нәтижесі болып табылады. Бір жағынан, сульфидті және ферритті фазалардың жоғары тұрақтылығы олардың ерігіштігін шектейді, ал екінші жағынан, массалмасудың жеткіліксіз қарқындылығы мен диффузиялық шектеулер шаймалау реакцияларының жүруін баяулатады. Соның салдарынан, тіпті ұзақ өңдеу уақытында да мырышты алу дәрежесі жеткіліксіз деңгейде қалады [4, 5].

Клинкерлер мен басқа да металлургиялық қалдықтарда мырыштың елеулі мөлшерінің сақталуы айтарлықтай экологиялық тәуекелдер туындатады. Мырыш және ілеспе ауыр металдардың қосылыстары қоршаған ортаға көшіп, топырақтар мен су объектілерін ластауы мүмкін. Сонымен қатар клинкерлерді ұзақ уақыт сақтау металлургиялық айналымға қайта тартуға болатын әлеуетті құнды екінші реттік шикізаттың жоғалуына әкеледі [2].

Осыған байланысты мырышқұрамды клинкерлерді қайта өңдеу процестерін интенсификациялауға және қатты қалдықтардағы мырыштың қалдық мөлшерін азайтуға бағытталған әдістерді әзірлеу ерекше маңызға ие. Перспективалы бағыттардың бірі — микротолқынды сәулелену және ультрадыбыстық әсер сияқты физикалық белсендіру әдістерін қолдану. Бұл тәсілдер клинкердің құрылымдық-фазалық күйін өзгертуге, мырышқұрамды фазалардың реакциялық қабілетін арттыруға және диффузиялық шектеулерді жоюға мүмкіндік беріп, мырышты неғұрлым толық бөліп алуға жағдай жасайды [5, 6].

Осылайша, металлургиялық қалдықтардағы, соның ішінде клинкерлердегі мырыштың қалдық мөлшері мәселесі кешенді ғылыми-техникалық міндет болып табылады және оны шешу инновациялық қайта өңдеу технологияларын енгізуді талап етеді. Алдын ала физикалық белсендіру мен кейінгі гидрометаллургиялық бөліп алуға негізделген комбинацияланған әдістерді қолдану мырыш шығындарын едәуір қысқартуға және түсті металлургияның техногендік ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыруға кең мүмкіндіктер ашады [5–7].

1.1 Мырышқұрамды клинкерді қайта өңдеудің өзектілігі және процестерді интенсификациялау бағыттары

Мырыш қазіргі заманғы өнеркәсіптің дамуы үшін шешуші маңызға ие стратегиялық түсті металдардың қатарына жатады. Ол жоғары коррозияға төзімділігі, жақсы құйылғыштық қасиеттері және қолайлы электрохимиялық сипаттамаларының арқасында машина жасау, құрылыс, химия және электротехника салаларында, сондай-ақ қорғаныш жабындар мен легирленген қорытпалар өндірісінде кеңінен қолданылады [8, 9]. Инфрақұрылымның, көлік жүйелерінің және жоғары технологиялық өндірістердің дамуына байланысты

мырышты әлемдік тұтынудың тұрақты өсуі бай кен орындарының біртіндеп сарқылуымен және минералдық шикізат сапасының төмендеуімен қатар жүруде. Осы жағдайларда құрамында мырыш бар қайталама және техногендік материалдарды, соның ішінде пирометаллургиялық процестердің қалдықтарын қайта өңдеу мәселесі барған сайын өзекті бола түсуде [10].

Осындай техногендік қалдықтардың бірі — мырышқұрамды клинкер, яғни мырыш концентраттарын пирометаллургиялық жолмен өңдеу барысында түзілетін қатты қалдық өнім. Бұл материал мырыштың салыстырмалы түрде төмен мөлшерімен, күрделі фазалық-минералогиялық құрамымен, қиын еритін қосылыстардың болуымен, сондай-ақ ілеспе компоненттер мен бос жыныстардың едәуір көлемімен сипатталады [11]. Аталған ерекшеліктерге байланысты мырышқұрамды клинкер қиын өңделетін шикізат түріне жатады және әдетте металлургиялық кәсіпорындардың үйінділерінде жинақталып, қоршаған ортаға қосымша экологиялық жүктеме түсіреді әрі бағалы компоненттердің қайтымсыз жоғалуына әкеледі [12].

Қазіргі уақытта мырышқұрамды қалдықтарды қайта өңдеу көп жағдайда күйдіру мен тотықсыздандырып балқытуды қамтитын пирометаллургиялық әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Технологиялық тұрғыдан игерілгеніне қарамастан, бұл әдістер жоғары энергия шығынымен, тотықсыздандығыштардың жоғары қажеттілігімен, елеулі капиталдық шығындармен және, әдетте, мырыш мөлшері төмен клинкерлерді өңдеу кезінде металды алу дәрежесінің төмендігімен ерекшеленеді [13]. Сонымен қатар пирометаллургиялық процестер клинкер құрамындағы барлық компоненттерді кешенді пайдалануды әрдайым қамтамасыз ете бермейді, бұл пайдалы элементтердің жоғалуына және өндірістік қалдықтар көлемінің артуына әкеледі [14].

Пирометаллургиялық технологияларға балама ретінде гидрометаллургиялық әдістер, ең алдымен қышқылды шаймалау әдісі қарастырылады. Бұл тәсіл мырышқұрамды фазаларды ерітіндіге өткізіп, кейінгі электролиттік бөліп алуға жарамды мырыш сульфатын алуға мүмкіндік береді [15]. Гидрометаллургиялық процестер төмен температуралық режимдерімен және экологиялық жүктеменің салыстырмалы түрде аздығымен сипатталады. Алайда мырышқұрамды клинкерлерді өңдеу кезінде олардың тиімділігі қатты фазаның төмен реакциялық қабілетімен, бөлшектер бетінде пассивтендіруші қабаттардың түзілуімен, сондай-ақ «қатты дене – ерітінді» жүйесінде массалмасу процесінің баяу жүруімен айтарлықтай шектеледі [16].

Осыған байланысты соңғы жылдары энергиясы жоғары физикалық өрістерді қолдану арқылы гидрометаллургиялық процестерді қарқындату әдістерін әзірлеуге ерекше назар аударылуда. Болашағы зор бағыттардың бірі — минералдық шикізатты алдын ала белсендіру үшін микротолқынды сәулеленуді пайдалану. Микротолқынды сәулелену күрделі құрамды қиын ашылатын мырыш құрамдас шикізаттың құрылымына айтарлықтай өзгерістер әкеледі, жергілікті температуралық градиенттердің пайда болуына, микрожарықтардың және кристалдық тор ақауларының түзілуіне, сондай-ақ қиын еритін

қосылыстардың реакциялық қабілеті жоғары фазаларға, фазалық түрленуін интенсификациялауға әкеледі [17–19]. Эксперименттік зерттеулер нәтижелері Микротолқынды сәулелену материалдың кеуектілігін арттырып, шаймалау реагенттерінің әсерін жақсартатынын, соның нәтижесінде мырышты алу кинетикасының айтарлықтай жеделдейтінін көрсетеді [20].

Шаймалау процестерін қарқындатудың қосымша тиімді құралы ретінде ультрадыбыстық әсер ету қарастырылады. Ультрадыбыстың әсерінен сұйық фазада акустикалық кавитация құбылысы іске асып, жоғары температуралар мен қысымдарға ие жергілікті аймақтар түзіледі, турбуленттілік күшейеді және қатты бөлшектердің бетінде түзілетін пассивтендіруші қабаттар бұзылады [21]. Бұл реакциялық беттің жаңаруына, массалмасудың интенсификациясына және химиялық реакциялар жылдамдығының артуына ықпал етеді. Қазіргі заманғы зерттеулер ультрадыбысты қолдану кезінде дәстүрлі әдістермен салыстырғанда мырышты алу дәрежесінің едәуір өсетінін және шаймалау ұзақтығының қысқаратынын дәлелдейді [22].

Ең үлкен ғылыми - тәжірибелік қызығушылық алдын ала микротолқынды өңдеуді және кейінгі ультрадыбыстық шаймалауды біріктіріп қолдануға бағытталған, бұл шикізатты құрылымдық-фазалық белсендіру мен сұйық фазадағы қарқынды массалмасуды үйлестіру арқылы синергетикалық әсерді іске асыруға мүмкіндік береді [23]. Алайда микротолқынды және ультрадыбыстық әсерлерді гидрометаллургияда қолдануға арналған жекелеген жарияланымдардың болуына қарамастан, оларды мырышқұрамды клинкерлерді қайта өңдеуде кешенді пайдалану мәселелері әлі де жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Атап айтқанда микротолқынды өңдеудің клинкердің фазалық құрамына әсері, ультрадыбыстық шаймалаудың кинетикалық заңдылықтары және процестің оңтайлы технологиялық параметрлері жөнінде жүйеленген деректер жетіспейді [24].

Қазақстан Республикасының түсті металлургия кәсіпорындары мен тау-кен өндірісі дамыған басқа да елдер жағдайында мырышқұрамды техногендік қалдықтарды қайта өңдеу мәселесі ерекше өзектілікке ие. Мырышты алу дәрежесін арттыруды және жинақталған қалдықтар көлемін азайтуды қамтамасыз ететін ресурсты үнемдейтін әрі экологиялық қауіпсіз технологияларды әзірлеу маңызды ғылыми - тәжірибелік міндет болып табылады [25].

Осыған байланысты аталған диссертациялық зерттеу алдын ала микротолқынды өңдеуді және кейінгі ультрадыбыстық шаймалауды қолдану арқылы мырышқұрамды техногендік шикізатты қайта өңдеудің комбинирленген технологиясын әзірлеуге және ғылыми тұрғыдан негіздеуге бағытталған. Ұсынылып отырған тәсілді іске асыру мырышты алудың тиімділігін арттыруға, процестің кинетикасын интенсификациялауға және қоршаған ортаға түсетін экологиялық жүктемені төмендетуге мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер мырышқұрамды клинкерлерді және түсті металлургияның басқа да техногендік қалдықтарын қайта өңдеудің заманауи технологиялық сұлбаларын әзірлеуде қолданылуы мүмкін [23–25].

1.2 Мырышқұрамды клинкерді қайта өңдеу мәселесінің қазіргі жағдайын талдау

Қазіргі заманғы металлургиялық өндірістің даму жағдайы минералдық шикізатты қайта өңдеудің әртүрлі сатыларында түзілетін техногендік қалдықтар көлемінің тұрақты өсуімен сипатталады. Түсті металлургия саласында қалдықтардың елеулі үлесін мырыш концентраттары мен аралық өнімдерді, пирометаллургиялық өңдеу барысында түзілетін мырышқұрамды клинкерлер құрайды. Клинкерлердің кәсіпорын үйінділерінде жиналуы мырыш пен ілеспе элементтердің қайтымсыз жоғалуына ғана емес, сонымен қатар өнеркәсіптік аймақтардағы экологиялық жағдайдың нашарлауына да әкеледі [10].

Мырышқұрамды клинкер күрделі фазалық-минералогиялық құрамға ие көпкомпонентті жүйе болып табылады. Оның құрылымында, әдетте, мырыштың оксидті, сульфидті және ферритті фазалары, темір, кремний, кальций және алюминий қосылыстары, сондай-ақ аморфты құрамдас бөліктің едәуір мөлшері кездеседі [26]. Клинкерге тән ерекшелік — химиялық белсенділігі төмен, қиын еритін мырыш ферриттері мен күрделі силикаттар сияқты қосылыстардың болуы. Бұл жағдай дәстүрлі әдістермен мырышты бөліп алуды айтарлықтай қиындатып, арнайы технологиялық тәсілдерді қолдануды талап етеді [27].

Мырышқұрамды клинкерлерді қайта өңдеудің қолданыстағы технологияларын талдау өндірістік тәжірибеде әлі де пирометаллургиялық әдістердің басым екенін көрсетеді. Оларға қалпына келтіру балқытпасы, күйдіру мен кейінгі өңдеу, сондай-ақ біріктірілген жоғары температуралы процестер жатады [28]. Пирометаллургиялық технологиялардың негізгі артықшылықтары — олардың технологиялық тұрғыдан игерілуі және әртүрлі түйіршік құрамындағы материалдарды өңдеу мүмкіндігі. Алайда мырыш мөлшері төмен клинкерлерді қайта өңдеу кезінде бұл әдістер жоғары энергия және тотықсыздандырғыштың шығынымен, газ тәрізді ластаушы заттардың шығарылуының артуымен және мақсатты металды алу дәрежесінің салыстырмалы түрде төмендігімен сипатталады [8].

Сонымен қатар пирометаллургиялық процестер клинкер құрамындағы компоненттерді кешенді пайдалануды көп жағдайда қамтамасыз ете алмайды. Нәтижесінде мырыштың және ілеспе элементтердің бір бөлігі шлактармен және газ шығарындыларымен бірге жоғалады, бұл қайта өңдеудің техико-экономикалық тиімділігін төмендетіп, газ тазалау және шлак шығару жүйелеріне түсетін жүктемені арттырады [29]. Аталған факторлар экологиялық талаптардың қатаюы және энергия ресурстары құнының өсуі жағдайында мырышқұрамды клинкерлерді қайта өңдеуде пирометаллургиялық әдістерді кеңінен қолдану мүмкіндігін шектейді.

Соңғы онжылдықтарда мырышқұрамды материалдарды қайта өңдеуде гидрometаллургиялық әдістерге деген қызығушылық арта түсуде. Қышқылды шаймалау, негізінен күкірт қышқылын қолдану арқылы, мырышты алудың ең

перспективалы тәсілдерінің бірі ретінде қарастырылады, себебі ол оксидті және ішінара сульфидті фазаларды ерітіндіге өткізіп, кейінгі электролиттік өңдеуге жарамды мырыш сульфатын алуға мүмкіндік береді [29]. Пирометаллургиямен салыстырғанда гидрометаллургиялық процестер төмен температуралық режимдермен, зиянды заттар шығарындыларының аздығымен және мақсатты металлға қатысты селективтіліктің жоғары болу мүмкіндігімен ерекшеленеді [30].

Сонымен бірге мырышқұрамды клинкерді қайта өңдеудің дәстүрлі гидрометаллургиялық сұлбалары бірқатар шектеулерге ие. Олардың негізгілері — қиын еритін фазалардың еріу жылдамдығының төмендігі, бөлшектер бетінде пассивтендіруші қабаттардың түзілуі, сондай-ақ реагенттер мен реакция өнімдерінің массалмасуы кезінде диффузиялық кедергілердің болуы [31]. Әсіресе мырыш ферриттері шаймалауға аса төзімді болып табылады, оларды бұзу үшін көбінесе жоғары температуралар, шоғырланған реагенттер немесе ұзақ өңдеу уақыты қажет, бұл процестің экономикалық тиімділігін төмендетеді [32].

ТМД елдерінде қазіргі уақытта клинкер негізінен мыс қорыту зауыттарында шахталық балқыту әдісімен қайта өңделеді [32-35]. 1990 жылға дейін клинкерді қайта өңдеудің негізгі тәсілі құрамында мыс бар шикізатпен бірге түйіршіктелмеген клинкерді шахталық балқыту әдісі болды. Аталған технология Қарабаш мыс қорыту зауытында (жылына 180 мың т-ға дейін), Медногор мыс-күкірт комбинатында (жылына 110 мың т-ға дейін) және Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында (жылына 90 мың т-ға дейін) кеңінен қолданылды [35].

Соңғы жағдайда агломерациялау процесі барысында клинкер құрамындағы қатты көміртек пен металдық темір мақсатсыз күйіп кетеді. Шахталық балқыту кезінде осы аралық өнімнің қалдықтарын балқыту үшін қымбат отын — кокс жұмсалады.

«Шикі» клинкерді шахталық пеште балқыту кезінде пештің жоғарғы аймақтарында түзілетін шығатын газдардың CO_2 бойынша құрамы клинкердегі металдық темір мен ұсақ ұнтақталған көміртекке қатысты тотықтырғыш сипатқа ие болады. Бұл жағдайда клинкердің қалпына келтіруші және энергетикалық мүмкіндіктері де пайдаланылмайды.

Айта кету қажет, құрамында мыс мөлшері салыстырмалы түрде аз клинкерді осылайша тікелей қайта өңдеу шлак түзілуін арттырады, соның салдарынан металдардың жалпы шығыны көбейеді.

Сонымен қатар аталған зауыттарда енгізілген клинкерді балқыту технологиясы қазіргі заманғы экологиялық талаптарға сәйкес келмеді, оның қайта өңдеу тиімділігі мен көлемін төмендетті. Мұның негізгі себептері мыналар болды:

- клинкерді оқускалау (түйіршіктеу) сатыларының болмауы, бұл шаңның көп мөлшерде ұшып кетуіне, пештердің технологиялық режимінің бұзылуына және олардың өнімділігінің төмендеуіне әкелді;

- тиімсіз сульфатизаторлардың (пиритті кендердің) көп мөлшерін қолдану жағдайында клинкердің металданған темір бөлігінің тотығуы мен шлакқа айналу процесінің күрделілігі.

Клинкер мысқа салыстырмалы түрде кедей сульфидті шикізат болып табылады, оның құрамына кокс енгізілген, сондай-ақ металдық темір де кездеседі. Балқыту процесіндегі негізгі міндет — металдық темірдің жеткілікті дәрежеде терең тотығуын және шлакқа өтуін қамтамасыз ету. Бұл шахталық пештердің ішкі және сыртқы горндарында штейннің металдық темірмен артық қанығуын және металданған настильдердің түзілуін болдырмау мақсатында жүзеге асырылады [36].

Клинкердің аздаған мөлшері сульфидті мыс концентраттарын балқыту кезінде шағылдырмалы пештерде өңделеді, сондай-ақ мыс шлактарын қалпына келтіру-сульфидтеу кешендерімен кедейлету кезінде шихта құрамына қосылады [37].

Көпфазалы композиция болып табылатын, мырыш өндірісінің техногендік шикізаты саналатын клинкер қазіргі уақытта АГМК-да өте шектеулі көлемде қайта өңделуде. Бұл жағдайда клинкер концентратпен және флюостермен бірге шихтаға енгізіліп, асыл металдар мен мысты штейн құрамына көшіру мақсатында шағылдырмалы пешке жүктеледі [37]. Алайда мұндай тәсілде құрамында 20–28 % көміртек және 15–25 % металдық темір бар клинкердің қалпына келтіруші қасиеттері пайдаланылмайды.

Ванюков пеші клинкерді қайта өңдеуге арналған тиімді агрегат болып табылады, себебі ол барботажды ванна жағдайында көміртекті жағуға және металданған фазаны тотықтыруға мүмкіндік береді. Алынған штейнді кейінгі өңдеу әртүрлі біріктірілген әдістермен жүзеге асырылуы мүмкін: сульфаттандыра күйдіру және кейінгі шаймалау, тотықсыздандыра балқыту, флотациялық-гидрометаллургиялық тәсілдер. Пиритті подшихталау кезінде құрамында мыс мөлшері 0,14–0,24 % болатын отвальды шлактар алу қамтамасыз етіледі [35].

Зерттеулердің бірінде мырыш өнеркәсібінің қалдығы болып табылатын клинкерді қайта өңдеу технологиясы әзірленіп, нәтижесінде ферроқорытпа және түсті металдардың возгондары алынған. Мырыш өндірісінің қалдықтарын ферросилиций және түсті металдардың ұжымдық возгондары түріндегі тауарлық өнім алу үшін шикізат ретінде пайдалану мүмкіндігі қарастырылған. Бұл ретте кремнийдің ферроқорытпаға өту дәрежесі 96 %-ға дейін, темірдікі — 97 %-ға дейін, ал мырыштың возгонға өту дәрежесі 99,6 %, қорғасындікі — 99 % құраған [38].

Әдеби деректерге негізделген пирометаллургиялық әдістерді талдау клинкерді қайта өңдеудің пирометаллургиялық тәсілдерге негізделген технологияларының бірқатар кемшіліктері бар екенін көрсетеді. Ең алдымен олардың жоғары энергия сыйымдылығын атап өткен жөн, яғни клинкер массасының барлығын 1000–1200 °C температурада балқыту үшін едәуір энергия шығындарын талап етеді. Сонымен қатар мұндай процестер қоршаған

ортаның шаң-газ шығарындыларымен және шлак үйінділерімен ластануына әкеледі [39].

Мырышқұрамды клинкерді қайта өңдеу мәселесінің қазіргі жай-күйін талдау дәстүрлі пирометаллургиялық және гидрометаллургиялық әдістердің бұл техногендік шикізат түрін өңдеу кезінде мырышты талап етілетін деңгейде алуды қамтамасыз етпейтінін және елеулі энергетикалық әрі экологиялық шығындармен қатар жүретінін көрсетеді [31].

1.3 Мырыш клинкерін қайта өңдеудің дәстүрлі технологиялары

Мырыш клинкері – мырыш концентраттарын пирометаллургиялық өңдеу барысында түзілетін техногендік өнім болып табылады және оның құрамында мырыштың әртүрлі қосылыстары, темір, кальций, кремний, сондай-ақ басқа да ілеспе элементтер кездеседі. Дәстүрлі технологиялар бойынша мырыш клинкерін қайта өңдеу негізінен пирометаллургиялық және гидрометаллургиялық әдістерге сүйенеді, ал кейбір жағдайларда олардың комбинациясы қолданылады. Аталған технологиялар ұзақ уақыт бойы өндірісте пайдаланылып келгенімен, қазіргі таңда олардың тиімділігі мен экологиялық қауіпсіздігіне қатысты бірқатар мәселелер туындауда.

Мырыш клинкерін қайта өңдеудің дәстүрлі тәсілдерінің бірі – пирометаллургиялық әдістер. Бұл әдістер жоғары температурада жүргізілетін процестерге негізделген және мырышты тотықсыздандыру немесе қайта балқыту арқылы алу мақсатында қолданылады. Пирометаллургиялық қайта өңдеуде клинкер құрамындағы мырыш көбінесе ұшпа қосылыс ретінде газ фазасына өтеді, кейіннен конденсацияланып немесе шаң-газ ұстау жүйелерінде жиналады.

Алайда пирометаллургиялық технологиялардың негізгі кемшіліктеріне жоғары энергия шығыны, күрделі газтазалау жүйелерінің қажеттілігі және экологиялық жүктеменің жоғары болуы жатады. Сонымен қатар, клинкер құрамындағы мырыштың едәуір бөлігі темір-силикатты немесе ферритті фазалармен берік байланыста болғандықтан, оны толық көлемде бөліп алу қиынға соғады. Бұл өз кезегінде мырыштың айтарлықтай бөлігінің қатты қалдықтарда қалуына алып келеді.

Гидрометаллургиялық әдістер мырыш клинкерін қайта өңдеудің анағұрлым жұмсақ және энергия үнемдейтін тәсілдері ретінде қарастырылады. Бұл әдістер негізінен қышқылды немесе сілтілі ерітінділерде мырышты ерітуге негізделген. Көбінесе күкірт қышқылды ерітінділер қолданылады, себебі мырыш оксидтері мен кейбір басқа қосылыстары қышқыл ортада салыстырмалы түрде жақсы ериді.

Дәстүрлі гидрометаллургиялық қайта өңдеу схемаларында клинкер ұнтақталып, белгілі температура мен уақыт аралығында ерітіндімен өңделеді. Нәтижесінде мырыш ерітіндіге өтеді, ал ерімейтін қалдықтар сүзу арқылы бөлінеді. Алайда бұл әдістің де шектеулері бар. Клинкер құрамындағы қиын еритін сульфидті, ферритті және силикатты фазалар мырыштың толық еруіне

кедергі келтіреді. Сонымен қатар, процесс барысында қатты бөлшектердің бетінде пассивтендіруші қабаттардың түзілуі байқалады, бұл еріту кинетикасын айтарлықтай баяулатады.

Кейбір өндірістік схемаларда пирометаллургиялық және гидрометаллургиялық әдістердің комбинациясы қолданылады. Мұндай технологияларда клинкер алдын ала термиялық өңдеуден өткізіліп, кейіннен гидрометаллургиялық еріту кезеңіне жіберіледі. Бұл тәсіл белгілі бір дәрежеде мырыштың ерігіштігін арттыруға мүмкіндік береді, алайда технологиялық тізбектің күрделенуіне және өндірістік шығындардың өсуіне алып келеді.

Комбинацияланған дәстүрлі технологиялардың басты кемшілігі – процестердің көпсатылы болуы, жоғары капиталдық және эксплуатациялық шығындар, сондай-ақ экологиялық талаптардың толық орындалмауы. Осы себепті мұндай әдістер қазіргі таңда тек шектеулі жағдайларда ғана қолданылады.

Мырыш клинкерін қайта өңдеудің дәстүрлі технологияларын талдау олардың бірқатар ортақ кемшіліктерін айқындайды. Оларға мынадай факторлар жатады:

- мырыштың қатты қалдықтарда айтарлықтай мөлшерде қалуы;
- жоғары энергия және реагент шығындары;
- технологиялық процестердің төмен селективтілігі;
- экологиялық жүктеменің жоғары болуы;
- техногендік қалдықтардың жиналуы.

Аталған кемшіліктер мырыш клинкерін қайта өңдеудің дәстүрлі технологиялары қазіргі заманғы талаптарға толық сәйкес келмейтінін көрсетеді және оларды жетілдіру немесе баламалы инновациялық әдістерді енгізу қажеттілігін негіздейді. Негізгі қиындық мырыштың төмен мөлшерімен, күрделі фазалық-минералогиялық құрамымен, темір мен кремнеземнің жоғары үлесімен, сондай-ақ мырыштың қиын еритін қосылыстарының, ең алдымен ферриттер мен силикаттардың болуымен түсіндіріледі [8, 27]. Осыған байланысты өнеркәсіптік тәжірибеде қолданылатын дәстүрлі технологиялар саны шектеулі болып, олардың тиімділігі көптеген жағдайларда жеткіліксіз күйінде қалып отыр.

Мырыш клинкерін қайта өңдеудің ең кең таралған әдістер тобына пирометаллургиялық технологиялар жатады. Оларға тотықсыздандыра балқыту, шахталық балқыту, шағылдырмалы пештерде балқыту, сондай-ақ вельц-процесс кіреді. Аталған әдістер материалды көміртеққұрамды тотықсыздандырғыштарды қолдана отырып жоғары температураларда (1100–1300 °C) өңдеуге негізделген, соның нәтижесінде мырыш газ фазасына өтіп, возгондар түрінде ұсталып алынады [40]. Пирометаллургиялық процестердің басты артықшылығы — олардың технологиялық тұрғыдан толық игерілуі және әртүрлі түйіршік құрамындағы материалдарды қайта өңдеу мүмкіндігі.

Алайда мырыш клинкерін қайта өңдеу кезінде пирометаллургиялық әдістер бірқатар елеулі кемшіліктермен сипатталады. Процестердің жоғары энергия сыйымдылығы, қомақты капиталдық және пайдалану шығындары, тотықсыздандырғыштар мен флюстердің үлкен мөлшерін қолдану қажеттілігі,

сондай-ақ шлактар мен газ тәрізді шығарындылардың едәуір көлемде түзілуі олардың экономикалық тиімділігін айтарлықтай төмендетеді [10]. Сонымен қатар мырыш қосылыстарының ұшқыштығы оның ішінара жоғалуына әкеледі, ал клинкерден мырышты алу дәрежесі, әдетте, 70–85 % деңгейінен аспайды, бұл кедей техногендік шикізатты қайта өңдеу үшін жеткіліксіз болып табылады [41].

Айта кету керек, пирометаллургиялық әдістер клинкер құрамындағы барлық бағалы компоненттерді кешенді пайдалануды қамтамасыз етпейді. Алтын мен күміс сияқты асыл металдар, әдетте, шлактарда немесе қалдық өнімдерде шоғырланады, бұл оларды алу үшін қосымша операцияларды талап етеді. Нәтижесінде технологиялық сұлбалар күрделеніп, соңғы өнімнің өзіндік құны артады [14].

Баламалы бағыт ретінде мырыш клинкерін қайта өңдеудің гидрометаллургиялық технологиялары қарастырылады, олар қышқылды немесе сілтілі шаймалау процестеріне негізделген. Ең кең таралған әдіс — күкіртқышқылды шаймалау, ол мырыштың оксидті және ішінара сульфидті формаларын ерітіндіге өткізіп, кейінгі электролиттік бөліп алуға жарамды мырыш сульфатын алуға мүмкіндік береді [42]. Гидрометаллургиялық әдістер пирометаллургиялық процестермен салыстырғанда жұмсақ температуралық жағдайларымен, төмен энергия сыйымдылығымен және экологиялық жүктеменің ықтимал аздығымен ерекшеленеді.

Сонымен бірге мырыш клинкерін қайта өңдеудің дәстүрлі гидрометаллургиялық сұлбалары да елеулі шектеулерге ие. Негізгі мәселе — қиын еритін фазалардың, ең алдымен сұйытылған қышқылдарға төзімді мырыш ферриттерінің ($ZnO \cdot Fe_2O_3$) төмен реакциялық қабілеті [43]. Оларды бұзу үшін не жоғары температуралар мен реагенттердің жоғары концентрациялары, не ұзақ шаймалау уақыты қажет, бұл процестің технико-экономикалық тиімділігін төмендетеді. Бұдан бөлек, шаймалау барысында бөлшектер бетінде пассивтендіруші қабаттар түзіліп, массалмасуды баяулатады және мырышты алу дәрежесін азайтады [31].

Сілтілі шаймалау әдістері (NaOH, аммиакты ерітінділер) мырышқа қатысты селективтілігі және ерітінділердің коррозиялық белсенділігінің төмендігі сияқты бірқатар артықшылықтарға ие балама тәсіл ретінде қарастырылады [44]. Алайда бұл әдістер пульпаның жоғары тұтқырлығымен, реагенттерді регенерациялаудың күрделілігімен және, әдетте, мақсатты металл мөлшері төмен клинкерлерді қайта өңдеу кезінде мырышты алудың жеткіліксіз дәрежесімен сипатталады [45].

Осылайша, мырыш клинкерін қайта өңдеудің дәстүрлі технологияларын талдау пирометаллургиялық та, классикалық гидрометаллургиялық та әдістердің бұл техногендік шикізат түрін өңдеу кезінде мырышты талап етілетін деңгейде алуды қамтамасыз етпейтінін көрсетеді. Жоғары энергия сыйымдылығы, елеулі экологиялық шығындар, төмен алу дәрежесі және бағалы компоненттерді кешенді пайдаланудың болмауы олардың қазіргі жағдайларда қолданылу мүмкіндіктерін шектейді [46]. Аталған кемшіліктер мырыш клинкерін қайта өңдеу процестерін интенсификациялауға, соның ішінде шикізатты физикалық

белсендіру әдістерін қолдануға бағытталған жаңа технологиялық тәсілдерді әзірлеу мен енгізудің қажеттілігін айқындайды.

1.4 Металлургиялық процестерді қарқындату әдістері

Қазіргі заманғы металлургия саласының дамуы өндірістік процестердің тиімділігін арттыру, энергия шығындарын азайту, шикізатты кешенді пайдалану және қоршаған ортаға түсетін жүктемені төмендету міндеттерімен тығыз байланысты. Осыған орай металлургиялық процестерді қарқындату әдістерін әзірлеу және енгізу өзекті ғылыми-техникалық бағыттардың бірі болып табылады. Процестерді қарқындату деп металдарды алу немесе қайта өңдеу кезінде технологиялық операциялардың жылдамдығын арттыруды, өнім шығымын көбейтуді және ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ететін әдістер жиынтығы түсініледі. Металлургиялық процестерді қарқындату физика-химиялық реакциялардың жүру жылдамдығын арттыруға, мақсатты компоненттерді алу дәрежесін ұлғайтуға, энергия шығындарын төмендетуге және экологиялық жүктемені барынша азайтуға бағытталған [47]. Бұл әдістердің ерекше өзектілігі қиын ашылатын шикізатты қайта өңдеу кезінде байқалады, мұндай шикізатқа мырышқұрамды клинкер жатады.

Жоғары температуралар мен ұзақ өңдеу уақытына негізделген дәстүрлі металлургиялық процестер күрделі техногендік материалдарды қайта өңдеу кезінде көбіне тиімсіз болып шығады. Бұл олардың фазалық құрамының тұрақтылығымен, қиын еритін қосылыстардың болуымен және фазалар шекарасында туындайтын диффузиялық шектеулермен байланысты [10]. Осыған байланысты ғылыми және өндірістік тәжірибеде физикалық, физика-химиялық және біріктірілген әсерлерді қолдануға негізделген қарқындату әдістері белсенді түрде әзірленуде.

Интенсификацияның дәстүрлі тәсілдеріне механикалық ұнтақтау, температура мен қысымды арттыру, реагенттер концентрациясын көбейту және араластыруды күшейту жатады. Ұсақ ұнтақтау бөлшектердің меншікті бетін ұлғайтып, диффузиялық жолдардың қысқаруына ықпал етеді, алайда бұл елеулі энергия шығындарымен және жабдықтардың тозуының артуымен қатар жүреді [14]. Температура мен реагенттер концентрациясын арттыру реакциялар кинетикасын жылдамдатқанымен, көбіне ортаның коррозиялық белсенділігінің өсуіне және процестердің экологиялық көрсеткіштерінің нашарлауына әкеледі [48].

Неғұрлым перспективалы бағыт ретінде өңделетін шикізаттың құрылымы мен фазалық құрамына мақсатты түрде әсер етуге мүмкіндік беретін энергияға қанық физикалық өрістерді қолдану қарастырылады. Мұндай әдістерге микротолқынды сәулелену, ультрадыбыстық әсер, электромагниттік өрістер, плазмалық және электрохимиялық әдістер жатады [49]. Оларды қолдану температура мен қысымды айтарлықтай арттырмай-ақ процестерді қарқындатуға

мүмкіндік береді, бұл техногендік қалдықтарды қайта өңдеу үшін ерекше маңызды.

Комбинирленген технологияның синергетикалық әсері мырышты алу дәрежесінің жалпы өсуі әрбір әдісті жеке-жеке қолдану нәтижелерінің аддитивтік қосындысынан жоғары болуымен сипатталады. Бұл микротолқынды өңдеудің материалды реагентпен қарқынды өзара әрекеттесуге дайындауы және ультрадыбыстың осы әлеуетті массалмасуды интенсификациялау мен реакциялық бетті жаңарту арқылы толық іске асыруымен түсіндіріледі. Нәтижесінде белсендірілген фазалардың неғұрлым толық пайдаланылуы және шаймалау уақытының қысқаруы қамтамасыз етіледі.

Жүйелік тәсіл тұрғысынан микротолқынды-ультрадыбыстық комбинирленген технологияны құрылымдық, термодинамикалық және

кинетикалық деңгейлерді қамтитын көпдеңгейлі интенсификация сұлбасы ретінде қарастыруға болады. Құрылымдық деңгейде минералдық матрицаның деструкциясы мен кеуектіліктің артуы, термодинамикалық деңгейде – еруі жеңіл фазалардың түзілуі, ал кинетикалық деңгейде – диффузиялық және беткі шектеулердің жойылуы жүзеге асады. Мұндай факторлардың үйлесуі мырышқұрамды клинкерлер мен басқа да техногендік материалдарды қайта өңдеу тиімділігінің тұрақты артуын қамтамасыз етеді.

Осылайша микротолқынды өңдеу мен ультрадыбыстық шаймалауды біріктіріп қолданудың теориялық негіздемесі қиын ашылатын мырышқұрамды шикізатты қайта өңдеу үшін бұл тәсілдің ғылыми тұрғыдан негізді әрі мақсатқа сай екенін растайды. Синергетикалық әсерді іске асыру қатты қалдықтардағы мырыштың қалдық мөлшерін едәуір азайтуға, энергия шығындарын төмендетуге және түсті металлургияда ресурсты үнемдейтін әрі экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізуге алғышарттар қалыптастырады. Комбинацияланған микротолқынды өңдеудің және ультрадыбыстық шаймалаудың теориялық негіздемесі термиялық, құрылымдық және гидродинамикалық әсерлердің синергетикалық үйлесуіне негізделеді.

Микротолқынды сәулелену мырышқұрамды минералдардың селективті қызуын және фазалық түрленулерін қамтамасыз етіп, олардың химиялық белсенділігін арттырады, ал ультрадыбыстық әсер массалмасу процестерін қарқындатып, бөлшектер бетінде туындайтын шектеулерді жояды.

Синергетикалық әсердің мәні мырышты алу дәрежесінің комбинацияланған ықпал кезінде жеке-жеке қолданылған әрбір әдістің әсерінен жоғары болуымен сипатталады. Бұл құбылыс мырышты алу диаграммаларында келтірілген эксперименттік деректермен дәлелденген.

3 Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау

Жүргізілген эксперименттік зерттеулер барысында микротолқынды термиялық өңдеу мен ультрадыбыстық әсердің техногендік мырышқұрамды клинкерден мырышты фазалық түрленулер мен шаймалау процестеріне ықпалына кешенді баға берілді. Алынған нәтижелер гидрометаллургиялық жолмен мырышты алуды интенсификациялау заңдылықтарын анықтауға және процестің оңтайлы технологиялық параметрлерін белгілеуге мүмкіндік берді.

3.1 Бастапқы клинкердің минералогиялық-фазалық ерекшеліктері

Минералогиялық талдау зерттелетін клинкердің күрделі полиминералды құрамымен және жоғары отқа төзімділігімен сипатталатынын көрсетті. Негізгі фазалар ретінде гематит (Fe_2O_3), магний-темірлі оксидтер, кальций мен магнийдің силикатты қосылыстары, сондай-ақ ұсақ вкрапленген күйде кездесетін мырыш сульфидінің (ZnS) аз мөлшері анықталды. Мырышқұрамды фазалардың мұндай таралуы пассивтендіруші қабаттардың түзілуі мен реакциялық беттің төмен қолжетімділігіне байланысты тікелей қышқылды шаймалау процестерін едәуір қиындатады.

Цинктің негізінен темір және силикатты фазалар матрицасында оқшауланған сфалерит түрінде болуы дәстүрлі гидрометаллургиялық әдістер кезінде алыну көрсеткіштерінің төмен болуына әкеледі және материалды алдын ала белсендірудің қажеттілігін растайды.

3.2 Клинкердің фазалық түрленулеріне микротолқынды өңдеудің әсері

Эксперименттік деректер шамамен 600 °C температурада 5-7 минут жүргізілген микротолқынды өңдеу клинкерде қарқынды фазалық түрленулер туындататынын көрсетті. Микротолқынды өңдеу нәтижесінде сфалериттің мырыш оксидін түзе отырып дерлік толық тотығуы байқалады.

Электронды-зондтық және рентгенфазалық талдау нәтижелері мырышқұрамды фазалардағы күкірт мөлшерінің күрт төмендеуін және оттегінің пайда болуын көрсетті, бұл химиялық тұрғыдан белсенді ZnO түзілуін дәлелдейді. Сонымен қатар әртүрлі электрофизикалық қасиеттері бар фазалардың селективті диэлектрлік қызуына байланысты микрожарықтар мен кристалдық тор ақауларының дамуы байқалады.

Осылайша, микротолқынды өңдеу клинкердің фазалық құрамын өзгертумен қатар оның реакциялық қабілетін едәуір арттырып, мырышты кейінгі қышқылды шаймалау үшін қолайлы жағдайлар қалыптастырады.

Қышқылды шаймалау заңдылықтары және нәтижелерді статистикалық өңдеу

Зерттеудің келесі кезеңінде микротолқынды белсендірілген клинкерден мырышты күкіртқышқылды ортада шаймалаудың кинетикалық заңдылықтары зерттелді. Өзгермелі параметрлер ретінде процесс температурасы, H_2SO_4 концентрациясы, пульпа тығыздығы және шаймалау ұзақтығы қарастырылды.

Жауап беті әдісі мен орталық композициялық жоспарды қолдану мырышты алу дәрежесіне негізгі факторлардың әсерін сипаттайтын адекватты квадратикалық регрессиялық модель құруға мүмкіндік берді. Статистикалық талдау модельдің мәнді екенін көрсетті, ал процестің тиімділігіне ең үлкен әсер ететін фактор – температура, одан кейін шаймалау уақыты, қышқыл концентрациясы және пульпа тығыздығы екені анықталды.

Температураны $80\text{ }^{\circ}\text{C}$ -қа дейін арттыру мырыш оксидінің еруі мен массалмасу процестерін едәуір жеделдететіні, ал күкірт қышқылы концентрациясының шамадан тыс өсуі қанығу әсерін туындатып, алынудың пропорционалды артуына әкелмейтіні белгіленді. Процестің оңтайлы параметрлері мырышты шамамен 25,7 % деңгейінде алуды қамтамасыз ететіні модельдік есептеулерді эксперименттік тексеру арқылы расталды.

3.3 Ультрадыбыстық әсер кезіндегі шаймалаудың интенсификациясы

Процестің тиімділігін одан әрі арттыру мақсатында жүйеге ультрадыбыстық әсер енгізілді. Ультрадыбыстық кавитация шаймалау процесіне айқын интенсификациялаушы әсер ететіні анықталды. Кавитациялық көпіршіктердің коллапсы жергілікті жоғары температура мен қысым аймақтарының пайда болуымен қатар жүріп, пассивтендіруші қабаттардың бұзылуына, қатты бөлшектер бетінің жаңаруына және диффузиялық кедергілердің азаюына әкеледі.

Эксперименттік түрде ультрадыбысты қолдану мырышты алу дәрежесін 25,7 %-ға дейін арттыруға мүмкіндік беретінін және процестің ұзақтығын ультрадыбысты қолданбаған дәстүрлі қышқылды шаймалаумен салыстырғанда шамамен екі есе қысқартатынын көрсетті. Бұл микротолқынды өңдеу мен ультрадыбыстық әсерді біріктірудің айқын синергетикалық әсерін дәлелдейді.

3.4 Алынған нәтижелерді талқылау

Алынған деректерді салыстырмалы талдау микротолқынды белсендіру мен ультрадыбыстық шаймалауды кешенді қолдану отқа төзімді клинкерден мырышты алу механизмін түбегейлі өзгертетінін көрсетеді. Микротолқынды өңдеу қиын еритін қосылыстардың фазалық түрленуін және ақаулы құрылымның қалыптасуын қамтамасыз етсе, ультрадыбыс кавитациялық әсерлер мен күшейтілген массалмасу арқылы химиялық өзара әрекеттесуді интенсификациялайды.

Қол жеткізілген мырышты алу көрсеткіштері дәстүрлі гидрометаллургиялық сұлбалар нәтижелерінен айтарлықтай жоғары және ұсынылған тәсілдің техногендік мырышқұрамды қалдықтарды қайта өңдеу үшін перспективалы екенін растайды. Алынған нәтижелер ғылыми жаңалығымен қатар практикалық маңызға ие болып, клинкерді өнеркәсіптік жағдайларда қайта өңдеуге арналған энергия мен ресурсты үнемдейтін технологияларды әзірлеуге негіз қалайды.

4 Зерттеулерді жүргізуге кеткен шығындарды есептеу

Ғылыми зерттеулер жүргізуге кететін шығындар келесі формула бойынша есептелінеді [55]:

$$З = З_1 + З_2 + З_3 + З_4 + З_5, \quad (2)$$

мұндағы $З$ – зерттеулер жүргізуге кететін жалпы шығындар;

$З_1$ – негізгі және көмекші материалдарға кететін шығындар;

$З_2$ – электр энергиясына кететін шығындар;

$З_3$ – салқын суға кететін шығындар;

$З_4$ - еңбекақы;

$З_5$ - амортизациялық аударымдар.

Негізгі және қосалқы материалдарға кететін шығындар 3-кестеде көрсетілген. Олардың қатарына – зерттеулер жүргізу үшін қажет болатын химиялық реактивтерге, химиялық ыдыс-аяққа және шығын материалдарға кететін шығындар жатады. Осы магистрлік диссертацияда келесі шығын материалдары пайдаланылды: сүзгі қағазы, рН-метрияға арналған индикаторлы қағаз, қондырғыны құрастыруға арналған силиконды қосқыш түтіктер, сынамаларды орауға арналған кеңсе қағазы және латекс қолғаптар.

Кесте 3 – Негізгі және қосалқы материалдарға кететін шығындар

Материалдардың атауы	Материалдардың шығыны	Бірлік бағасы, тг	Жалпы құны, тг
Химиялық ыдыс			
Өлшегіш колба (500 мл), дана.	2	1000	2000
Өлшегіш колба (1000 мл), дана.	1	1500	1500
Конус тәрізді колба (50 мл), дана.	20	700	1400
Конус тәрізді колба (100 мл), дана.	20	1000	20000
Стақан (600 мл), дана.	2	1000	2000
Стақан (400 мл), дана.	5	800	4000
Стақан (50 мл), дана.	5	400	2000
Титрлеуге арналған бюретка (25 мл), дана.	1	5000	5000
Бөтелке (1000 мл), дана.	2	700	1400
Бөтелке (5000 мл), дана.	2	1200	2400
Шыны таяқша, дана.	4	50	200
Конус тәрізді шұңғылша, дана.	5	500	2500
Мензурка (50 мл), дана.	4	800	3200
Мензурка (100 мл), дана.	4	1000	4000
Мензурка (500 мл), дана.	1	1300	1300
Мензурка (1000 мл), дана.	1	2000	2000
Мора пипеткасы (1 мл), дана.	2	400	800
Мора пипеткасы (2 мл), дана.	2	500	1000
Мора пипеткасы (5 мл), дана.	2	700	1400
Мора пипеткасы (10 мл), дана.	2	800	1600

Материалдардың атауы	Материалдардың шығыны	Бірлік бағасы, тг	Жалпы құны, тг
<i>Химиялық ыдыстардың жалпы сомасы:</i>			54 700
Химиялық реактивтер			
рН-метрияға арналған буферлік ұнтақтар жинағы (жинақта 15 ұнтақ) (рН = 4,00, рН = 6,86, рН = 9,18)	1	2500	2500
Күкірт қышқылы, л	1	42000	42000
<i>Химиялық реактивтердің жалпы сомасы</i>			42 000
Материалдар шығыны			
Сүзгі қағазы (қызыл лента, D = 125 мм), қапт.	2	1700	3400
Сүзгі қағазы (қызыл лента, D = 55 мм), қапт.	2	2950	5900
рН-метрияға арналған индикаторлы қағаз, қапт.	1	1030	1030
Кеңсе қағазы, қапт.	1	2600	2600
Нитрил қолғаптар (қаптамада 50 дана), қапт.	1	3070	3070
<i>Материалдар шығынының жалпы сомасы</i>			15 000
Барлығы З ₁ :			111 700

Электр энергиясына жұмсалатын шығындарды есептеу. Осы жұмыста электр энергиясын қатты материалдарды ұсақтағыш, механикалық араластырғыш, сорғы, аквадистиллятор, рН-метр, елеуіш машина және электронды таразы тұтынады. Жұмыс күндізгі уақытта орындалғандықтан, жарықтандыруға электр энергиясы жұмсалмаған. Электр энергиясына кеткен шығындар 4-кестеде келтірілген.

Кесте 4 – Электр энергиясына кеткен шығындар

Техникалық жабдықтың атауы	Қуаты, кВт/сағ	Жұмыс уақыты, сағ	Жұмсалған электр энергиясының мөлшері, кВт	Электр энергиясының тарифы, тг	Электр энергиясына кеткен шығындар, тг
Қатты материалдарды ұсақтағыш	1,5	20	30	32,73	981,9
Механикалық араластырғыш	0,5	70	35		1145,5
Аквадистил-лятор	1,0	100	100		3272,9
рН-метр	0,01	40	0,4		13,1
Елеуіш құрылғы	1,0	20	20		654,5

Электронды таразы	0,01	40	0,4	32,73	13,1
Ультрадыбыстық қондырғы	1,5	35	52,5		1706,25
Барлығы 32:					7 787,25

Салқын су шығыны. Химиялық ыдысты жуу және ерітінділерді дайындау үшін жұмсалған су мөлшері 25 м³-ті құрады. Салқын су мен кәріз жүйесіне тариф 201,82 теңгені құрайды, сондықтан кәрізге кететін шығындарды есепке ала отырып, салқын суды тұтыну мөлшері келесідей болады:

$$З_3 = 25 \cdot 201,82 = 5045,5 \text{ тг.} \quad (3)$$

Амортизациялық аударымдарды есептеу. Норманы (H_a) жабдықтың қызмет ету мерзіміне сәйкес төмендегі формула бойынша анықтайды [56, 57]:

$$H_a = 100/B, \quad (4)$$

мұндағы B – жабдықтың қызмет ету мерзімі.

Жабдықтың құны мен амортизациялық аударымдарды есептеу 5-кестеде көрсетілген.

Кесте 5 – Жабдыққа арналған амортизациялық аударымдар ($З_4$)

Жабдық атауы	Қызмет ету мерзімі, жыл	Саны	Бағасы, мың. тг	Жылдық құны, тг	H_a , %	Жылдық амортизация сомасы (A), тг
Қатты материалдарды ұсақтағыш	10	1	93500	93500	10	9350
Механикалық араластырғыш	10	1	89500	89500	10	8950
Аквадистиллятор	10	1	360000	360000	10	36000
pH-метр	10	1	245000	245000	10	24500
Электронды таразы	10	1	157000	157000	10	15700
Елеуіш құрылғы	10	1	250000	250000	10	25000
Жылдық жиыны:				1 495 000		149 500

Жұмыс 8 ай ішінде орындалғандықтан, осы мерзімге амортизациялық аударымдар мөлшері келесідей болды:

$$149\,500:12*8 = 99\,666 \text{ теңге.} \quad (5)$$

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жетекшісіне арналған жалақы мен әлеуметтік аударымдардың есебі 6-кестеде көрсетілген.

Зерттеуге кеткен жалпы шығындар (2)-формула бойынша есептеліп 7-суретте көрсетілген.


Кесте 6 – Айлық аударымдарға кеткен шығындар (3₅)

Жұмысшылар саны	1 магистрлік диссертацияға арналған жалақы, тг	Әлеуметтік аударымдар (21 %), тг	Жұмыспен қамту қорына аударымдар (2 %), тг	Барлығы, тг
2	5700,0	1197,0	114,0	7010,0

Кесте 7 – Ғылыми-зерттеу жұмысына кеткен жалпы шығындар

Шығындардың атауы	Шығын сомасы, тг	Шығындар үлесі, %
Негізгі және көмекші материалдар (3 ₁)	111 700	48,31
Электр энергиясы (3 ₂)	7 787,25	3,37
Салқын су мен кәріз жүйесі (3 ₃)	5045,5	2,18
8 айлық жұмыс үшін амортизациялық аударымдар (3 ₄)	99 666	43,11
Жалақы (3 ₅)	7010,00	3,03
Барлық шығындар (3):	231 208,75	100

7-суретте – Магистрлік диссертация тақырыбы бойынша зерттеулер жүргізуге кеткен шығындар көрсетілген.



7-сурет – Магистрлік диссертация тақырыбы бойынша зерттеулер жүргізуге кеткен шығындар

Келтірілген есептеулерге сәйкес, магистрлік диссертация аясында зерттеу жұмыстарын жүргізуге кеткен шығындардың негізгі бөлігін – 111 700 теңге, яғни жалпы соманың 48,31%-ын – негізгі және көмекші материалдарға жұмсалған шығындар құрайды.

5 Қауіпсіздік және еңбекті қорғау

5.1 Зертханадағы жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Магистрлік диссертация Тау-кен металлургия институтының «Б.Б. Бейсембаев атындағы гидрометаллургияның арнайы әдістері» зертханасында орындалды және Химиялық және физикалық талдаулар институтының «Аналитикалық химия зертханасы және Физикалық әдіспен талдау зертханасы» зертханасында орындалды. Зерттеулерді орындау барысында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің талаптары мен еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі нормативтік базаның шарттары толықтай сақталды [58].

Жұмыс орындалған зертхана барлық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келеді. Зертханада кіріс-шығыс желдеткіші орнатылған, күндізгі жарықтандыру терезе арқылы қамтамасыз етіледі, ал кешкі уақытта жеткілікті мөлшердегі люминесцентті шамдар арқылы жарықтандырылады, бұл зерттеу жұмыстарын толық көлемде жүргізуге мүмкіндік береді. «Металлургия және кен байыту» институтының зертханасы заманауи аналитикалық құрылғылармен жабдықталған, реагенттермен жұмыс істеуге арналған тартпа шкафтар қарастырылған. Зертханалардағы жабдықтар жарамды күйде және өздерінің функционалдық мақсаты бойынша магистрлік диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді.

Зерттеулерді орындау алдында студенттер мен қызметкерлер еңбекті қорғау бойынша кіріспе және ағымдағы нұсқаулықтан өтеді, нұсқаулықтан өткені арнайы журналдарға тіркеледі. Тек содан кейін ғана олар электр тогымен, химиялық реактивтермен, электрмен қыздырылатын жабдықтармен жұмыс істеуге жіберіледі. Осы магистрлік диссертацияны орындау барысында келесі жеке қорғаныс құралдары пайдаланылды: жұмыс киімі мен теріге химиялық реактивтердің түсуінен қорғау үшін мақта-мата халат, қол терісін қорғауға арналған резеңке қолғаптар, су ерітінділерінен сынама алу үшін резеңке алмұрттар, қыздырылған заттармен жұмыс істеуге арналған қысқыштар, сондай-ақ концентрленген қышқылдармен ерітінділер дайындау және ұнтақ тәрізді қатты заттармен жұмыс істеу кезінде қажет болатын қорғаныс көзілдіріктері. [59].

5.2 Қауіпті және зиянды өндірістік факторларды талдау

Бұл жұмысты орындау барысында келесі өндірістік жарақаттар туындауы мүмкін: қышқыл ерітінділерімен жұмыс істеу кезінде химиялық күйіктер мен уланулар, сондай-ақ ақаулы электр жабдықтарымен жұмыс істеу нәтижесінде электр тогымен зақымдану.

Кәсіби аурулардың алдын алуда зиянды заттардың шекті рұқсат етілген концентрацияларын белгілеу үлкен маңызға ие. Зиянды заттардың жұмыс

аймағы ауасындағы шекті рұқсат етілген концентрациялары ГОСТ 12.1.005–2004 стандартына сәйкес, жұмыс істейтін адамның тұрақты тұратын орны орналасқан деңгейден 2 метр биіктікке дейінгі кеңістік жұмыс аймағы болып саналатын ауа көлемінде анықталады [60]. Жұмыста қолданылатын химиялық реактивтердің сипаттамасы мен олардың шекті рұқсат етілген концентрацияларын көрсеткіштері 8 - кестеде келтірілген [60, 61, 62].

Кесте 8 – Жұмыста қолданылатын химиялық реактивтердің токсикологиялық сипаттамасы

Заттың атауы, оның сипаттамасы	Қауіптілік класы	Ағзаға әсер ету сипаттамасы	Агрегаттық күйі	ШРК, мг/м ³
Күкірт қышқылы (H ₂ SO ₄)	2	Тыныс алу жолдарын тітіркендіреді, тері жабындарына және ауыз бен мұрынның шырышты қабықтарына күйік келтіреді	Сұйық	1

5.3 Зертханалық жұмыстарды орындау кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Зертханада өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті барлық құралдар қарастырылған: өрт сөндіргіштер, құм және арнайы инвентарь. Су көздеріне және өртке қарсы жабдықтарға еркін қол жеткізу қамтамасыз етілген. Ұйымдастырушылық өртке қарсы іс-шаралар ретінде ашық отты пайдалануға және темекі шегуге тыйым салынған, эвакуациялау жоспарлары әзірленген, персонал өрт қауіпсіздігі талаптарына оқытылған.

Өрт туындаған жағдайда желдету және электр құралдарын сөндіру, жанғыш газдар мен оттегінің берілуін тоқтату, жанғыш материалдарды қауіпсіз жерге шығару, өртке қарсы қызметке хабарлау (101) және өрт сөндірушілер келгенге дейін қолда бар құралдармен өртті сөндіру шараларын қабылдау қажет.

Зертханалық жұмыстарды орындау барысында химиялық реагенттер мен электр құрылғыларымен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау міндетті. Улы заттардың ағзаға тыныс алу жолдары, ас қорыту жүйесі және тері арқылы ену мүмкіндігі ескеріледі. Химиялық заттармен жұмыс тек желдеткіші қосулы тартпа шкафтарда жүргізіледі, күйдіргіш ерітінділер мен қалдықтар арнайы ыдыстарда бейтараптандырылады, ал қышқылдар мен сілтілермен жұмыс істеу кезінде арнайы пипеткалық құралдар қолданылады.

Электр құрылғыларымен жұмыс істеу Электр қондырғыларын орнату қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Тек өнеркәсіптік мақсаттағы жарамды жабдықтарды пайдалануға рұқсат етіледі, қолдан жасалған құрылғыларды қолдануға тыйым салынады. Электрмен жұмыс кезінде

жабдықтарды міндетті түрде жерге қосу, кернеу мәндерін сақтау, барлық ток өткізгіш бөліктерді оқшаулау және құрылғыларды жанғыш материалдардан алыс орналастыру талап етіледі.

Ақаулы құрылғыларды пайдалануға, қосулы күйдегі жабдықтарды тасымалдауға, оларды қараусыз қалдыруға және ылғалды қолмен жанасуға қатаң тыйым салынады. Құрылғыларды іске қоспас бұрын кернеудің сәйкестігі тексеріледі, ал жұмыстар аяқталғаннан кейін барлық жабдықтар электр желісінен ажыратылып, қауіпсіз күйге келтіріледі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл зерттеу микротолқынды термиялық өңдеу мен ультрадыбыстық шаймалауды біріктіретін тәсілдің қиын ашылатын клинкерден мырышты алуды арттырудағы тиімділігін көрсетеді. Эксперименттік нәтижелер күкірт қышқылының концентрациясы, температура, тұнба тығыздығы және шаймалау уақыты сияқты негізгі технологиялық параметрлерді оңтайландыруға мүмкіндік берді, сондай-ақ микротолқынды өңдеу мен ультрадыбыстық кавитацияның еру жылдамдығына әсері бағаланды.

Температураның шаймалау тиімділігінде шешуші рөл атқаратыны, ал микротолқынды өңдеу мен ультрадыбыстық кавитацияның өзара әсері мырышты алу дәрежесін арттыратыны көрсетілді. Модель эксперименттік деректер шегінде қанағаттанарлық болжау қабілетін көрсеткенімен, оның дәлдігін арттыру және өнеркәсіптік жағдайларда қолданылуын растау үшін кеңейтілген деректер базасымен қосымша зерттеулер қажет.

Микротолқынды өңдеу мырыштың ерігіштігін арттыратын фазалық түрленулерді қамтамасыз етсе, ультрадыбыстық кавитация пассивтендіруші қабаттарды бұзып, массалмасу процестерін қарқындатты, нәтижесінде шаймалау тиімділігі жоғарылап, процестің ұзақтығы қысқарды. Оңтайландырылған жағдайларда мырышты алу дәрежесі 25,7 %-ға жетіп, ұсынылған тәсілдің қиын ашылатын материалдарды гидрометаллургиялық өңдеу үшін әлеуетін растады.

Алдағы зерттеулер бұл әдістің өнеркәсіптік жағдайларда экономикалық орындылығын бағалауға, энергия тиімділігін талдауға және мырышты алуды одан әрі арттыру үшін баламалы еріткіш жүйелерін зерттеуге бағытталуы тиіс. Сонымен қатар дәстүрлі шаймалау тәсілдерімен салыстырмалы зерттеулер жүргізу және жетілдірілген технологиялық модельдеу әдістерін қолдану аталған технологияның масштабталу мүмкіндіктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН ТЕРМИНДЕР ТІЗІМІ

Қолданылған белгілер мен қысқартулар тізімі:

- Z – зерттеулер жүргізуге кеткен шығындар;
- H_a – амортизация нормасы.
- $t, ^\circ\text{C}$ – температура Цельсий градусымен;
- $t_{\text{Ст}}$ – Стьюдент критерийі;
- T, K – Температура Кельвин шкаласымен.

Терминдер тізімі:

– гидрометаллургия – бұл металдарды $300\text{ }^\circ\text{C}$ -тан аспайтын салыстырмалы түрде төмен температураларда кендерден, концентраттардан және әртүрлі өндіріс қалдықтарынан олардың қосылыстары түрінде су ерітінділері арқылы химиялық реагенттерді қолдану арқылы ерітіп, кейін осы ерітінділерден бөліп алу процесі;

– шаймалау – алынатын компонентті су ерітіндісі немесе концентрат түрінде алу мақсатында кен материалының таңдаулы түрде еру процесі;

– шаймалау жылдамдығы – бұл бірлік уақытта ерітіндіге өтетін зат мөлшері немесе бірлік уақыттағы реагенттің шығыны.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Sinclair R.J. The Extractive Metallurgy of Zinc. – Carlton: Australasian Institute of Mining and Metallurgy, 2005. – 312 p.
- 2 Binnemans K., Jones P.T. Hydrometallurgical processes for the recovery of metals from secondary resources // Journal of Sustainable Metallurgy. – 2020. – Vol. 6. – P. 1-25.
- 3 Копкова Е.К. Гидрометаллургическая переработка цинкового клинкера // Цветные металлы. – 2016. – № 5. – С. 45-50.
- 4 Исламов К.Б. Технология переработки отходов цинкового производства: дис. ... канд. техн. наук. – Алматы: Satbayev University, 2020. – 145 с.
- 5 Kenzhaliyev B.K., et al. Microwave-assisted processing of zinc-containing metallurgical waste // Metals. – 2024. – Vol. 14. – Article 246.
- 6 Eskizeybek V., et al. Ultrasonic-assisted leaching of metals from industrial wastes // Ultrasonics Sonochemistry. – 2023. – Vol. 95. – 106386.
- 7 Zhang Y., et al. Synergistic effects of microwave and ultrasonic treatment on metal leaching // Metals. – 2024. – Vol. 14. – Article 389.
- 8 Habashi F. Handbook of Extractive Metallurgy. – Wiley-VCH, 1997.
- 9 Sinclair R. Zinc: Its extraction and applications. – Elsevier, 2013.
- 10 Gupta C.K., Mukherjee T.K. Hydrometallurgy in Extraction Processes. – CRC Press, 1990.
- 11 Zhang Y. et al. Processing of zinc-bearing metallurgical wastes // Journal of Cleaner Production, 2019.
- 12 Пак В.М., Кенжалиев Б.К. Переработка техногенных отходов цветной металлургии. – Алматы, 2018.
- 13 Davenport W.G. et al. Extractive Metallurgy of Zinc. – Pergamon Press, 2002.
- 14 Wills B.A., Finch J. Mineral Processing Technology. – Butterworth-Heinemann, 2016.
- 15 Habashi F. Principles of hydrometallurgy // Métallurgie Extractive, 2010.
- 16 Кенжалиев Б.К. Гидрометаллургические процессы переработки сложных руд. – Алматы, 2015.
- 17 Jones D.A. et al. Microwave heating applications in minerals processing // Resources, Conservation & Recycling, 2002.
- 18 Kingman S.W. Microwave processing of minerals // Minerals Engineering, 2006.
- 19 Walkiewicz J.W. Microwave-assisted mineral processing // Hydrometallurgy, 2018.
- 20 Liu X. et al. Effect of microwave pretreatment on zinc leaching // MDPI Processes, 2021.
- 21 Mason T.J. Ultrasound in Chemical Processing. – Ellis Horwood, 1990.
- 22 Chemat F., Khan M.K. Applications of ultrasound in hydrometallurgy // Ultrasonics Sonochemistry, 2011.

- 23 Li Y. et al. Synergistic effects of microwave and ultrasound in leaching // MDPI Metals, 2022.
- 24 Wang S. et al. Kinetics of ultrasonic leaching of zinc-bearing materials // Hydrometallurgy, 2020.
- 25 Кенжалиев Б.К., Абдуалиев А.А. Экологически безопасные технологии переработки техногенных отходов. – Алматы, 2020.
- 26 Zhang Y. et al. Mineralogical characteristics of zinc clinker // Minerals Engineering, 2018.
- 27 Sinclair R. Extractive Metallurgy of Zinc. – Elsevier, 2013.
- 28 Davenport W.G. et al. Extractive Metallurgy of Non-Ferrous Metals. – Pergamon Press, 2002.
- 29 Biswas A.K., Davenport W.G. Extractive Metallurgy of Copper and Zinc. – Pergamon Press, 1994.
- 30 Liu W. et al. Hydrometallurgical processing of zinc wastes // Hydrometallurgy, 2019.
- 31 Кенжалиев Б.К. Гидрометаллургия сложных техногенных материалов. – Алматы, 2016.
- 32 Крысенко Н.Я., Ясонов Ф.Д. Об интенсификации процесса плавки клинкера в шахтной печи. //Бюл. ЦИИН Цветная металлургия. – 1976. – №7. – С. 45-48.
- 33 Фельдман Р.И. Автогенная шахтная плавка клинкера. // Цветные металлы. – 1991. – №4. – С. 10-13.
- 34 Кажохметов С.Н., Омарова А.С., Чокаев М.Т. Автогенная переработка медного клинкера с использованием боратовой руды. // Цветные металлы. – 1999. – №4. – С.8-11
- 35 Кляйн С.Э., Козлов П.А., Набойченко С.С. Извлечение цинка из рудного сырья. – Екатеринбург. УГТУ-УПИ. – 2009. – 492 с.
- 36 Панышин А.М. Комплексная переработка клинкера ОАО «Электроцинк» // Материалы симпозиума «Недели горняка-2008» – МГТУ. – 2009. – С. 298-302.
- 37 Юсупходжаев А.А. Разработка рациональной технологии получения меди из шлаков медного производства.: Автореф. дис д.т. наук - Ташкент: 2002. Институт общей и неорганической химии АН РУ. – 45с.
- 38 Кривоносов Ю.С., Видуцкий М.Г., Габдулхаев Р.Л. Клягин В.В. «Технология обогащения клинкера в ОАО «Электроцинк»». Горный журнал 2007. – №12. – С. 84-85.
- 39 Тошкодирова Р.Э. Разработка эффективной технологии переработки клинкера цинкового производства.: Дисс.док. философии (PhD) по техн.наукам – Навои 2020. – 118 с.
- 40 Davenport W.G., King M., Schlesinger M., Biswas A.K. Extractive Metallurgy of Copper and Zinc. – Pergamon Press, 2002.
- 41 Filippou D., Demopoulos G.P. Zinc ferrite processing // Hydrometallurgy, 2003.

- 42 Biswas A.K., Davenport W.G. Principles of Extractive Metallurgy. – Pergamon Press, 1994.
- 43 Zhang Y. et al. Processing of zinc-bearing metallurgical residues // Minerals Engineering, 2018.
- 44 Sole K.C., Hiskey J.B. Ammoniacal leaching of zinc // Hydrometallurgy, 1992.
- 45 Liu W. et al. Alkaline leaching of zinc residues // Hydrometallurgy, 2019.
- 46 Li Y. et al. Challenges in processing zinc metallurgical wastes // Journal of Cleaner Production, 2020.
- 47 Habashi F. Principles of Extractive Metallurgy. – Gordon and Breach, 1980.
- 48 Davenport W.G. Extractive Metallurgy of Non-Ferrous Metals. – Pergamon Press, 2002.
- 49 Kholmogorov A.G. Intensification methods in metallurgy // Theoretical Foundations of Chemical Engineering, 2015.
- 50 Jones D.A. et al. Microwave heating applications in mineral processing // Resources, Conservation & Recycling, 2002.
- 51 Kingman S.W., Rowson N.A. Microwave treatment of minerals // Minerals Engineering, 2006.
- 52 Walkiewicz J.W. Microwave-assisted leaching of minerals // Hydrometallurgy, 2018.
- 53 Li Y. et al. Synergistic effects of microwave and ultrasound in metal extraction // Metals, 2022.
- 54 Kenzhaliev B.K. Innovative technologies for processing technogenic raw materials. – Almaty, 2020.
- 55 Чернышева Ю.Г., Чернышев Э.А. Анализ финансово-хозяйственной деятельности предприятия. – Ростов на Дону: Экономика, 2003. – 304 с.
- 56 Немцев В.Н. Экономический анализ эффективности промышленного предприятия. – Магнитогорск: Наука, 2004.
- 57 Прусакова М. Ю. Оценка финансового состояния предприятия. Методики и приемы. – М.: Вершина, 2008. – 80 с.
- 58 Закон «О промышленной безопасности на опасных производственных объектах» от 03 апреля 2002 г. // Электронная версия на сайте <http://www.government.kz> Обращение к сайту 06.01.2025.
- 59 Горшкова С.И. Производственная эргономика. – М.: Медицина. – 1979. – 312 с.
- 60 Об утверждении Гигиенических нормативов к атмосферному воздуху в городских и сельских населенных пунктах, на территориях промышленных организаций / Приказ Министра здравоохранения Республики Казахстан от 2 августа 2022 года № ҚР ДСМ-70. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 3 августа 2022 года № 29011. // Электронная версия на сайте: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029011> Обращение к сайту 08.01.2025.
- 61 SAF-ACID // Электронная версия на сайте:

<https://docs.yandex.kz/docs/view?tm=1749449092&tld=kz&lang=ru&name=SAF-ACID-msds.pdf> Обращение к сайту 08.01.2025.

62 Онлайн справочник веществ // Электронная версия на сайте: <https://arsenalsystems.ru/spravochnik-pdk/> Обращение к сайту 09.01.2025.

62 Закон «О пожарной безопасности» от 26 мая 2008 г. // Электронная версия на сайте: <http://www.government.kz> Обращение к сайту 09.01.25

Article

Investigation of Phase Transformations in Technogenic Raw Materials Under Microwave Treatment for Enhanced Zinc Leaching

Bagdaulet Kenzhaliyev ¹, Ainur Berkinbayeva ¹, Zhazira Baltabekova ¹, Gulnara Moldabayeva ² ,
Kenzhegali Smailov ^{1,*} , Shynar Saulebekkyzy ¹ , Nazerke Tolegenova ¹, Diana Karim ¹ and
Tursynkul Omirbek ^{1,*} 

¹ The Institute of Metallurgy and Ore Beneficiation, Satbayev University, Almaty 050013, Kazakhstan; bagdaulet_k@satbayev.university (B.K.); a.n.berkinbayeva@satbayev.university (A.B.); zh.baltabekova@satbayev.university (Z.B.); sh.saulebekkyzy@satbayev.university (S.S.); 000219600614-m@stud.satbayev.university (N.T.); d.karim@satbayev.university (D.K.)

² Department of Metallurgy and Mineral Processing, Mining and Metallurgical Institute named after O. A. Baykonurov, Satbayev University, Almaty 050013, Kazakhstan; gulnara.moldabayeva@satbayev.university

* Correspondence: k.smailov@satbayev.university (K.S.); 971202400632-m@stud.satbayev.university (T.O.); Tel.: +7-747-6536293 (K.S.); +7-747-6287095 (T.O.)

Abstract: This study presents the results of an investigation into the effectiveness of microwave (MW) treatment (1) as a preconditioning method for technogenic raw materials (2) to enhance zinc (3) leaching (4) efficiency. Selective dielectric heating facilitates phase transformations (5), converting sphalerite (ZnS) into zinc oxide (ZnO), which exhibits significantly improved acid leachability. The response surface methodology (RSM) was utilized to evaluate critical operational variables, encompassing sulfuric acid concentration, leaching period, slurry density, and thermal conditions. The obtained results confirm the potential of MW treatment in hydrometallurgical processes, offering a sustainable and energy-efficient alternative for processing technogenic raw materials.

Keywords: microwave treatment; technogenic raw materials; zinc; phase transformation; leaching



Academic Editor: Laurence Dyer

Received: 4 March 2025

Revised: 26 March 2025

Accepted: 3 April 2025

Published: 6 April 2025

Citation: Kenzhaliyev, B.;

Berkinbayeva, A.; Baltabekova, Z.;

Moldabayeva, G.; Smailov, K.;

Saulebekkyzy, S.; Tolegenova, N.;

Karim, D.; Omirbek, T. Investigation of

Phase Transformations in Technogenic

Raw Materials Under Microwave

Treatment for Enhanced Zinc Leaching.

Processes **2025**, *13*, 1099. [https://](https://doi.org/10.3390/pr13041099)

doi.org/10.3390/pr13041099

Copyright: © 2025 by the authors.

Licensee MDPI, Basel, Switzerland.

This article is an open access article

distributed under the terms and

conditions of the Creative Commons

Attribution (CC BY) license

([https://creativecommons.org/](https://creativecommons.org/licenses/by/4.0/)

[licenses/by/4.0/](https://creativecommons.org/licenses/by/4.0/)).

1. Introduction

The depletion of high-grade ores and the growing need for sustainable resource management have driven extensive research into alternative sources of metals. In response, modern metallurgical practices have increasingly focused on processing industrial waste, low-grade ores, and unconventional mineral resources. Industrialized nations have achieved utilization rates of industrial waste as high as 70–80%, whereas countries like Kazakhstan, despite being rich in mineral resources, face challenges in efficiently processing technogenic raw materials due to limited technologies and specialized equipment [1–5].

One of the most pressing concerns in the mining and metallurgical sectors is the vast accumulation of industrial waste, including technogenic stockpiles, tailings, and byproducts such as clinker from zinc production. These materials contain valuable elements, including rare earth metals, gold, silver, copper, and zinc, which are of significant economic and industrial importance [6–10]. Recent advancements in pyrometallurgical and hydrometallurgical techniques have enabled the extraction of these valuable metals, yet challenges such as high energy consumption, carbon emissions, and processing inefficiencies persist [11–15].

A notable trend in metallurgical innovation is the exploration of seabed mineral deposits and deep-sea mining for critical metals, including cobalt, nickel, and rare earth elements. Researchers have investigated solid-state metallization and ammonium sulfate roasting to selectively recover metals from oceanic crusts and polymetallic nodules [16–19]. These approaches hold promise for reducing dependence on terrestrial mining while addressing the increasing demand for strategic materials.

In the Commonwealth of Independent States (CIS), annual mineral extraction surpasses 3.5 billion cubic meters, with waste generation reaching 1.5 billion cubic meters. In light of diminishing ore quality and the increasing prevalence of intractable raw materials, adopting thorough processing strategies for low-grade and intricate mineral deposits has emerged as both an economic necessity and a scientific priority [20–24].

Among the most significant technogenic waste materials, zinc-bearing clinker warrants particular attention due to its potential for valuable metal recovery. Pyrometallurgical processes such as the Waelz process, which operates at 1100–1300 °C using carbonaceous reducing agents, remain a dominant method for processing these materials. However, these processes produce substantial CO₂ emissions and have high operational costs, making them less viable for high-silica zinc-bearing raw materials [25–29].

In response to these challenges, novel processing techniques have been developed, including the use of microwave irradiation as a pre-treatment method. This technology leverages selective dielectric heating to enhance the reactivity and extractability of target elements, leading to improved leaching kinetics and overall process efficiency. Studies have demonstrated that microwave-assisted processing significantly enhances metal recovery rates while reducing energy consumption and environmental impact [30–34].

The integration of advanced processing technologies, including sorption techniques for niobium extraction, acid leaching for tailings processing, and hydrometallurgical methods for deep-sea mineral extraction, offers a promising path toward more sustainable and economically viable metal recovery [35–39]. These innovations not only enhance resource efficiency but also play a pivotal role in diminishing the buildup of industrial waste and mitigating the ecological impact of mining and metallurgical activities.

Given the urgent need for improved waste management and metal recovery, further research into innovative extraction technologies, including hybrid approaches combining pyrometallurgical and hydrometallurgical processes, is crucial. By leveraging emerging techniques and optimizing existing methods, the metallurgical industry can achieve greater efficiency, sustainability, and economic resilience in the face of depleting high-grade ore reserves.

The primary aim of this investigation is to explore the effects of microwave (MW) treatment on phase transition dynamics and zinc extraction from technogenic raw materials. Particular attention is devoted to examining the structural modifications in these substances triggered by selective dielectric heating, which augments the metal's solubility.

The study concentrates on refining the parameters of the leaching process through the application of response surface methodology (RSM) to determine the optimal conditions for enhancing zinc recovery. The findings derived from this research could provide a foundation for devising energy-efficient and ecologically sound techniques for the treatment of technogenic raw materials.

2. Materials and Methods

2.1. Materials

The subject of this investigation was technogenic raw material, specifically zinc production residue in the form of clinker. Throughout the research, the distinctive structural features and particle size distribution of the constituent minerals within the clinker were

elucidated (Figure 1). Several prominent minerals were pinpointed, including sphalerite (ZnS), present as scarce fine-grained entities, chalcocopyrite (CuFeS₂), frequently co-occurring with pyrite (FeS₂) and sphalerite, alongside hematite (Fe₂O₃) and carbonaceous inclusions exhibiting diverse sizes and morphological characteristics.




Figure 1. (a) Pyrite (1) and Chalcocopyrite (2); (b) Sphalerite (1) and hematite (2).

X-ray fluorescence (XRF) examination of the clinker disclosed a substantial presence of iron (37.53%), calcium (3.81%), silicon (4.58%), oxygen (41.64%), copper (1.04%), and zinc (exceeding 1.2%), along with various additional elements, as outlined in Table 1. Moreover, X-ray diffraction (XRD) analysis discerned hematite (Fe₂O₃—24.2%) and magnesium iron oxide (Mg_{1.55}Fe_{1.6}O₄—18.2%) as the predominant phase constituents within the clinker. Additional phase compositions are elaborated in Table 2 and depicted in Figure 2.

Table 1. Elemental Composition of Clinker via XRF Analysis. (reprinted for Ref. [40]).

Elemental Composition, %											
O	S	Mg	P	Si	Al	Na	Zr	Mn	Ca	Sb	Cr
41.644	0.807	1.030	0.055	4.581	0.912	0.173	0.012	0.110	3.807	0.034	0.020
K	Fe	Pb	Cu	As	Zn	Sr	Cl	Mo	Ti	Ba	Ni
0.109	37.532	0.154	1.037	0.138	1.217	0.043	0.011	0.026	0.101	0.825	0.033

Table 2. Findings from the X-ray phase characterization of the clinker.

Mineralogical Composition	Chemical Formula	Phase Abundance, %
Hematite	Fe ₂ O ₃	24.2
Magnesium iron oxide	Mg _{1.55} Fe _{1.6} O ₄	18.2
Diopside, ferrian	Ca _{1.007} (Mg _{0.805} Fe _{0.214})(Si _{1.75} Fe _{0.241})O ₆	16.5
Calcium Magnesium Iron Aluminum Silicate	Ca ₂ (Mg,Fe ³⁺ ,Al) ₆ (Si,Al) ₆ O ₂₀	15.1
Gypsum	CaSO ₄ ·2H ₂ O	12.2
Quartz	SiO ₂	8.1
Albite, potassian	(K _{0.22} Na _{0.78})(AlSi ₃ O ₈)	4.4
Sphalerite	ZnS	1.4




Figure 2. X-ray diffraction pattern of the clinker (reprinted from Ref. [40]).

An in-depth investigation of the clinker's composition facilitates a deeper comprehension of its chemical properties, which is crucial for determining the most effective processing methodologies. The outcomes of X-ray fluorescence (XRF) analysis provided the foundation for subsequent experimental studies, concentrating on the effects of microwave (MW) irradiation on the structural and phase transformations within the clinker, the infiltration of reagents into its framework, and the significant enhancement of leaching and extraction efficiency for valuable constituents.

2.2. Analytical Methodologies

This investigation utilizes sophisticated analytical methodologies to assess the phase composition of clinker and to clarify the mechanisms underlying its phase transitions. Mineralogical analysis was performed using an OLYMPUS BX51 optical microscope (Olympus, Tokyo, Japan), a high-resolution research-grade instrument designed for petrographic investigations. This microscope is equipped with an advanced UIS2 optical system, enabling high-contrast imaging and multiple observation modes, including brightfield, polarized light, and differential interference contrast (DIC). These capabilities facilitate the precise identification of mineral phases, grain morphology, and textural relationships within the clinker samples. The phase constitution of the specimens was analyzed employing a Bruker D8 Advance X-ray diffractometer (Bruker, Ettlingen, Germany), which provides high-resolution diffraction data for accurate phase identification and structural analysis of the material. The elemental makeup of the specimens was evaluated utilizing an Axios 1 kW wavelength-dispersive X-ray fluorescence spectrometer (PANalytical, Almelo, The Netherlands), which enables precise quantitative and qualitative determination of elemental content in various materials through high-sensitivity spectral analysis. Data analysis and interpretation were performed using SuperQ5 software (Omnian 37), which guarantees precise calibration, quantification, and evaluation of elemental profiles through the implementation of sophisticated correction algorithms and extensive spectral modeling. The surface microstructure of the specimens was scrutinized employing a JXA-8230 electron probe microanalyzer (JEOL, Tokyo, Japan), which enables high-accuracy elemental mapping and quantitative microanalysis of materials by harnessing an electron beam to produce characteristic X-rays. The elemental composition of the samples was analyzed using an Optima 8300DV inductively coupled plasma optical emission spectrometer (PerkinElmer, Inc., Waltham, MA, USA), which provides high sensitivity and accuracy for multi-element detection through advanced plasma technology and dual-view capability.

2.3. Optimal Experimental Design

To optimize the retrieval of zinc from clinker, this investigation employed an advanced statistical approach, specifically response surface methodology (RSM) coupled with a central composite design (CCD). The principal factors explored included thermal conditions, sulfuric acid strength, extraction time, and slurry consistency (liquid-to-solid proportion). The equation is expressed as follows:

$$y = b_0 + \sum_{i=1}^k b_i x_i + \sum_{i=1}^k b_{ii} x_i^2 + \sum_{i=1}^{k-1} \sum_{j=i+1}^k b_{ij} x_i x_j \quad (1)$$

where y signifies the anticipated zinc recovery, b_0 represents the intercept term, b_i denotes the coefficients for linear effects, b_{ii} indicates the coefficients for quadratic effects, b_{ij} reflects the coefficients for interaction effects among variables, and k corresponds to the total number of parameters.

To streamline the experimental framework and data assessment, Design Expert 7.0 (Stat-Ease, Inc., Minneapolis, MN, USA) was employed. This tool enabled the meticulous construction of a second-order polynomial model, guaranteeing exceptional predictive precision and statistical robustness.

The most advantageous process conditions were discerned via regression analysis, with an emphasis on thermal conditions, acid strength, extraction duration, and slurry density. The coded values and their associated experimental ranges for the central composite design (CCD) are presented below (Table 3):

Table 3. Factor Levels and Codes for the Central Composite Design (CCD).

Factors	Symbol	Coding Levels		
		−1	0	1
Duration (min)	A	30	195	360
Concentration of H ₂ SO ₄ (g/dm ³)	B	20	90	160
Slurry Density (%)	C	20	25	35
Thermal Condition (°C)	D	20	50	80

Note: Pulp density values in percentages (20%, 25%, 35%) correspond to 200 g/L, 250 g/L, and 350 g/L, respectively, calculated based on the volume of the acid solution with an assumed density of 1 g/cm³.

By implementing this experimental strategy, the study successfully refined the process parameters, leading to a more efficient and reproducible approach for maximizing zinc extraction from clinker.

2.4. Experimental Method

The process of extracting zinc from clinker encompasses three primary phases: pulverization of the clinker to attain 90% of particles finer than 0.071 mm, microwave-facilitated phase alteration, and subsequent leaching. This methodology comprises multiple intricate steps, as outlined in Figure 3. The procedure commences with specimen preparation, succeeded by roasting of the clinker within a high-temperature microwave reactor, specifically the “ENERGY K-50” system (Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan), which operates at 915 MHz with a capacity of 25 kW. This apparatus is distinguished by its substantial power output, operational consistency, and superior efficiency [41,42]. Following microwave processing, the clinker is subjected to the leaching phase, as illustrated in Figure 4.




Figure 3. A schematic representation of the experimental procedure.




Figure 4. A schematic representation of the leaching process experimental setup.

